



www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ



СУ – ШЕКТЕУЛІ ТАБИҒИ РЕСУРС

МЕМЛЕКЕТТЕР АРАСЫНДА СУ САЯСАТЫ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Тәжікстанға жұмыс сапары барысында Халықаралық Аралды құтқару қорының құрылтайшы мемлекеттері басшылары кеңесінің отырысына қатысты:

Мемлекет басшысы, ең алдымен, құрмет көрсеткені әрі іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін тәжік тарапына және Президент Эмомали Рахмонға алғыс айтты, сондай-ақ форумға қатысып отырған БҰҰ Бас хатшысының арнаулы өкілі Кахи Имнадзеге ілтипат білдірді.

Президент өз сөзінде Халықаралық Аралды құтқару қорының 30 жылдығы қарсаңында өткізіліп отырған мерейтойлық саммиттің символдық мәні бар екенін атап өтті.

– Қор құрылғаннан бергі уақыт аралығында трансшекаралық су ресурстарын бірлесіп пайдалану, Арал теңізі бассейніндегі экологиялық және әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешу мәселелері бойынша аймақтық ынтымақ-

тастықтың маңызды институтына айналды. Орталық Азияның қауіпсіздігін, тұрақтылығын және орнықты дамуын қамтамасыз ету ісінде Қор зор рөл атқарады. Бұған қоса ХАҚК – халықаралық аренада Орталық Азияның субъектілігін танытатын аймақтық ынтымақтастықтың санаулы әрі табысты механизмдерінің бірі, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Тәжікстанның төрағалығын жоғары бағалап, осы кезеңде Қордың ұйымдық құрылымы мен шарттық-құқықтық базасын жетілдіру процесі белсенді жүргізілгенін атап өтті.

– Тәжікстан мен Нидерландының төрағалығымен жарты ғасырға жуық уақыт ішінде алғаш рет Нью-Йоркте БҰҰ-ның Су жөніндегі конференциясы өтті. Бұл біздің аймақ үшін айтулы оқиға екені даусыз. БҰҰ Бас Ассамблеясының биік мінберінен Аралдың болашағы туралы Орталық Азия өңірінің біртұтас үні естілді. Орталық Азия мемлекеттерінің бірлескен мәлімдемесі ұсынылды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2-бет

САПАР

БАТЫР АУЫЛЫ ҺӘМ ЕЛЖАНДЫЛАР ЕҢБЕГІ

Бейсенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен Сыр өңіріне арнайы жұмыс сапарымен келген ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров Сырдария ауданындағы Нағи Илиясов атындағы ауылдық округке барып, көркейту-көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарын көрді. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.



Аудан әкімі Берік Сәрменбаев, Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев ауылдағы әлеуметтік нысандарды таныстырды.

2022-2023 жылдары ауыл көшелерін қайта жаңғыртуға Ұлттық қор мен республикалық бюджеттен 525,9 млн теңге, дәрігерлік амбулатория құрылысына 404 млн теңге бағытталған. Мұнан бөлек, «Абзал және К» ТС абаттандыру жұмыстарына жыл сайын 100 млн теңге қаржы бөледі.

2-бет

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ҚОРДЫҢ ТӨРАҒА ОРЫНБАСАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры төрағасының орынбасары Ләззат Шыңғысбаевамен кездесіп, Сыр өңірінде қор жүзеге асыратын әлеуметтік жобаларды талқылады.

– Облыста 2022 жылдан бері «Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен тығыз жұмыс жасалуда. Денсаулық сақтау және білім салаларында көптеген жоба қаржыландырылды. Бағасы қолжетімсіз дәрі-дәрмек алу, қажетті ем қабылдау, мектептерді жабықтау қор демеушілігімен жүзеге

асты. Алдағы 2024 жылға Қызылорда облысынан құны 12,1 млрд теңгені құрайтын 94 жоба қоғамдық қор қарауына ұсынылды. Оның ішінде денсаулық сақтау саласынан құны 7,6 млрд теңгені құрайтын 13, білім беру саласынан құны 2 млрд теңгені құрайтын 19, әлеуметтік саладан құны 1,1 млрд теңгені құрайтын 44, мәдениет және спорт саласынан құны 1,4 млрд теңгені құрайтын 18 жоба бар. Ұсынылған жобаларымыз қолдау табады деп сенеміз, – деді аймақ басшысы.

Өз кезегінде Ләззат Шыңғысбаева тиімді әріптестік орнатуға, өңірге қажетті жобаларды қолдауға ниет білдірді.

Был облыста 2 млрд теңгеден асатын 8 жоба қор арқылы қаржыландырылуда. Атап айтқанда, «Жаздық жолдама» жобасы аясында әлеуметтік осал топтағы 600 балаға тынығу лагеріне жолдама берілді. «Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасының екінші кезеңі,

«Арнайы мектептерді жарақтандыру» жобасы қолға алынды.

Қор аутизмді және басқа да ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған орталықтарды жабықтауға, сенсорлық бөлме орнатуға, орфандық аурулары бар пациенттерді дәрілік заттармен қамтамасыз етуге қолдау көрсетті. «ҚН Денсаулық жолы» қайырымдылық жобасы да жемісті болды. Қызылорда облыстық онкологиялық орталығына жылжымалы медициналық кешен сатып алынып және жеткізіліп, шалғай аудандарда халық онкологиялық скринингпен, профилактикалық тексерумен қамтылды. Медициналық генетиктер мен ультрадыбыстық диагностика мамандарын шетелде оқыту, шала туған нәрестелерге офтальмологиялық скрининг жасайтын және емдейтін жабдықтармен қамтамасыз ету жобалары жүзеге асырылуда.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ҚАЗАЛЫ: БЕРЕКЕ БАСТАУЫ – ЕЛДІҢ ҰНТЫМАҒЫНДА

Әлқисса, тарихтан батыры мен ақыны, сөз артылмаған шешені, елді ұйытқан биі, халқын өрге сүйреген ақылшысы асқақ ел берекелі. Осы жақсы мен жайсаңнан қабырғалы жұрты бар, тарих тамырын тереңге тартқан, құт дарыған мекен Қазалыға телісек артық емес. Облыстың 85 жылдығы мерейтойы тұста аймақтың дамуы үшін еңбеккер ел ерекше атсалысты. Оны бүгінгі берекеден де байқауға болады. Әсіресе, елдің ынтымағы ерекше. Бұл жолы біз айрықша тапсырма алдық. Аудан шежіресінен шынайы мол мәлімет керек. Мәселенің маңызын жан-жақты тарқату мақсатында қасиетті Қазалыға жол тарттық.

Мадияр ТӨЛЕУ, «Сыр бойы»

4, 5-беттер



ТЕАТР

ЖАҢА МАУСЫМ: «КӨРҰҒЛЫ»

Кеше Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық-драма театрының ұжымы жаңа маусымның шымылдығын ашты. Кезекті маусымның тұсаукесерінде көрерменге «Көрұғлы» рухнамасы ұсынылды.

Спектакльдің режиссері әрі рухнама авторы – Оңталап Нұрмаханов. Жиялған жұрттың көңілінен шыққан туындының басты рөлдерін Сұлтанбек Бисеналиев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бакытбек Темірбеков, Ақтолқын Тулеуова мен басқа да талантты өнер иелері сомдады. *Толығырақ газеттің келесі санында жарияланады.*





СУ – ШЕКТЕУЛІ ТАБИҒИ РЕСУРС МЕМЛЕКЕТТЕР АРАСЫНДА СУ САЯСАТЫ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ

Президент саммитке қатысушылардың назарын аймақ алдында тұрған бірқатар сын-қатерлер мен проблемаларға аударды.

– Жаһандық климаттық өзгерістер, су тапшылығы кезеңінің басталуы және суармалы егістікке судың жетіспеушілігі Орталық Азияның қауіпсіздігіне қатер төндіреді. Халықаралық сарапшылардың мәліметіне сәйкес, біздің аймақтағы температура Жер шарындағы орташа көрсеткішпен салыстырғанда, алдақайда тез көтеріліп келеді. Бұл Арал теңізі бассейнінің негізгі су көзі саналатын мұздықтар көлемінің кішіреюіне әкеп соқтырады. Олардың көлемі соңғы 50 жылда 30 пайызға кішірейген. Сарапшылардың бағалауы бойынша 2050 жылға қарай Орталық Азиядағы қуаңшылық жылына ЖІӨ-нің 1,3 пайыз мөлшерінде зиян келтіруі мүмкін. Бұл 5 миллионға жуық ішкі «климаттық» мигранттың пайда болуына түрткі болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мұнан соң Мемлекет басшысы суды тиімсіз пайдалану мәселесіне тоқталды.

– Біздің өңірдегі Сырдария мен Амудария секілді екі негізгі өзен су арналарының реттелу дәрежесі тым жоғары. Бұл өзендердің бассейндерінде жалпы көлемі шамамен 65 текше километрге жететін 80-нен астам су қоймасы салынған. Осылайша, антропогендік жүктеме артып, табиғатты экстенсивті пайдалану жалғасады және әртүрлі әлеуметтік-экологиялық проблемалар ұшығалы деген болжам жасалуда. Мұның бәрі аймақтық қауіпсіздікке айтарлықтай қатер төндіреді. Қазақ халқында «Су – ырыстың көзі» деген мақал бар. Мемлекеттеріміз су саясатын қалыптастыру кезінде судың шектеулі табиғи ресурс екенін ескеруге тиіс деп санаймын. Себебі бүкіл аймақтың

1-бет



өл-ауқаты мен тұрақты дамуы суға тікелей байланысты. Цифрлық технологияларды енгізу арқылы суды барынша үнемдеу мәселесі – өте өзекті. Бұл біздің су ресурстары жөніндегі ынтымақтастығымыздың негізгі бағыты бола алады. Жуырдағы Жолдауымда мен су мәселесіне ерекше назар аудардым. Менің тапсырмам бойынша Қазақстанда осы саланың өзекті мәселелерімен тікелей айналысатын жеке ведомство – Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылды, – деді Президент.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Қорды одан әрі дамытуға қатысты ұсыныстарын ортаға салды. Президент ең алдымен, Халықаралық Аралды құтқару қорының ұйымдық құрылымы мен шарттық-құқықтық базасын жетілдіру процесін тезірек аяқтауға шақырды.

– Қордың басқармасы мен Атқарушы комитетінің өкілеттілігін және жауапкершілігін кеңейткен жөн. Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясын Мемлекетаралық су-энергетикалық комиссия ретінде қайта құруды ұсынамыз. Бұл шаралар Қордың тиімділігін арттырады еді. Халықаралық Аралды құтқару қорының жұмыс органдарын ұйымға мүше елдер бойынша біркелкі бөлу және Орталық Азияның барлық мемлекетінің өкілдері арасынан олардың қызметкерлерін жасақтау мәселесін пысықтау қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Президент аймақтағы барлық елдің мүдделерін ескере отырып, Орталық Азияның су-энергетика ресурстарын тиімді пайдалану үшін ұзақ мерзімді әрі орнықты аймақтық ынтымақтастық механизмін құру қажет екенін айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев аймақта суды пайдаланудың ашықтығын және Орталық Азия елдері арасында достықты қамтамасыз ету мақсатында Арал теңізі бассейніндегі су ресурстарын есепке алатын, мониторинг жасайтын, басқаратын және бөлетін бірнеше автоматтандырылған жүйе енгізу бойынша жұмыс жоспарын әзірлеуді ұсынды.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы Орталық Азия елдерінің климат мәселелері жөніндегі жобалық кеңесін құру қажет екеніне назар аударды. Бұл бастама климаттың өзгеруіне бейімделу және оның салдарын азайту үшін перменді шаралар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Бішкектің Қорды жетілдіру жөніндегі Жұмыс тобының қызметіне атсалысуын оң бағалап, Қырғыз Республикасын қайта-

дан Халықаралық Аралды құтқару қорының толыққанды мүшесі болуға шақырды.

Президент сөзін қорытындылай келе, тығыз ынтымақтастық, өзара тиімді серіктестік жасау және бір-біріміздің мүдделерімізді құрметтеу арқылы ғана аймақтың тұрақты дамуы, қауіпсіздігі мен экономикалық өл-ауқаты қамтамасыз етілетінін атап өтті.

Мемлекет басшысы Халықаралық Аралды құтқару қорының аясындағы келесі кездесуді еліміз бастамашы болған БҰҰ шеңберіндегі Аймақтық климаттық саммитпен біріктіре отырып, 2026 жылы Қазақстанда өткізуді ұсынды.

Сонымен қатар жиында Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімухамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Қырғызстан Министрлер кабинеті төрағасының бірінші орынбасары Адылбек Қасымалиев сөз сөйледі.

Саммит қорытындысы бойынша Халықаралық Аралды құтқару қорының құрылтайшы мемлекеттері басшыларының Душанбе мәлімдемесі, Тәжікстан Республикасының Халықаралық Аралды құтқару қорына төрағалығының қорытындылары туралы Халықаралық Аралды құтқару қорының құрылтайшы мемлекеттері басшыларының шешімі, Халықаралық Аралды құтқару қорының ұйымдық құрылымы және шарттық-құқықтық базасын жетілдіру жөніндегі қызмет туралы Халықаралық Аралды құтқару қорының құрылтайшы мемлекеттері басшыларының шешімі, Халықаралық Аралды құтқару қорының Президентің сайлау туралы Халықаралық Аралды құтқару қорының құрылтайшы мемлекеттері басшыларының шешімі сияқты құжаттарға қол қойылды.

БАТЫР АУЫЛЫ НӘМ ЕЛЖАНДЫЛАР ЕҢБЕГІ



2015 жылы Ұлы Отан соғысында қаза тапқандарға арналған ескерткіш құрылысына 44 млн теңге, 2016 жылы ауылдық мешітті жартуға 137 млн теңге, 2017 жылы мемлекеттік-

1-бет

жекеменшік әріптестік аясында ауыл өкімдігі ғимаратының құрылысына 134 млн теңге жұмсады. Өткен жылы компания балалар ойын алаңы мен спорт алаңын күрделі жөндеуден өткізуге 23 млн теңге және «Еңбек аллесының» құрылысына 455 млн теңге бөлді.

КҮРІШ ИНСТИТУТЫНА ҚОЛДАУ ҚАЖЕТ

Сондай-ақ, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров Ы.Жақаев атындағы күріш ғылыми-зерттеу институтының қызметімен танысты.

Айта кетейік, сәрсенбі күні Қармақшы ауданында өткен «Дала күні» семинар-кеңесінде аймақ басшысы күріш өсірушілердің өзекті мәселелерін министрге баяндаған болатын.

Облыс басшысы министрге күріш өнімділігін арттырудың бірден-бір жолы – агротехнологияларды сақтаумен

қатар, сапалы тұқыммен қамтамасыз ету екендігін айтып, институт жұмысын жандандыруға қатысты ойларын бөлісті. Бүгінде аймақта егілетін күріштің небәрі 3 пайызы ғана – отандық сорттар. Өкінішке қарай, Қазақстандағы жалғыз күріш институты жаңа, бәсекеге қабілетті сорттар шығаруға қауқарсыз. Оның негізгі себебі – институттың қаржылық және материалдық-техникалық жағдайының төмендігі. Аграрлық ғылымды реформалау шеңберінде Ауыл шаруашылығы министрлігі күріш ғылыми-зерттеу институтының жарғылық үлесін С.Сейфуллин атындағы Қазақ

Айта кетейік, жергілікті кәсіпкерлер, облыстан шыққан меценаттар Мемлекет басшысының туған жерді көркейтуге үлес қосуға шақырған үндеуін барынша қолдап, игілікті бастамаға белсенді атсалысуда. Демеушілік есебінен облыста 31 млрд 700 млн теңгенің жобалары жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, маусым айынан бері 1 млрд 100 млн теңгеге облыс орталығындағы 50 үйдің қасбеттері заманауи панельдермен қапталуда. Қызылордалық кәсіпкер Асқар Әубәкіровтің демеушілігімен Қызылорда қаласының Орталық алаңын абаттандыру жұмыстары басталды. Жоба құны 1 млрд теңгені құрайды.

Мұнан бөлек, меценаттардың қолдауымен Сыр өңірінде көптеген әлеуметтік нысандар салынып, қасиетті орындар – Қорқыт ата ескерткіш-кешеніне, Хорасан ата, Оқшы ата және Марал баба кесенелеріне қайта жаңғырту, айналасын абаттандыру жұмыстары жүргізілуде.

Маусым айынан бері демеушілердің қолдауымен 1 млрд теңгеге 20 көпқабатты тұрғын үйдің аулаларын абаттандыру басталған болатын. Аулаларға заманауи спорт алаңдары салынып, тротуарлары, жарық бағаналары жаңартылуда.

Бұл тұрғындардың, балалардың демалысына қолайлы әрі спортпен шұғылдануына серпін береді. Абаттандырылған, көркейтілген аулалар жақында аталып өтілетін Қала күні мен Қызылорда облысының 85 жылдығына тарту етілмек.

агротехникалық зерттеу университетіне беруді жоспарлауда.

– Біздің ойымызша, бұл университеттің ғылыми-зерттеу институты жеткілікті қаржыландыруға мүмкіндігі болмайды. Құрметті Айдарбек Сейпілұлы, министрлік әзірлейтін тұқым шаруашылығын дамытудың кешенді жоспарына күріш тұқымы мәселесін қосуды және қолдауынсызды сұраймын, – деп атап өтті Нұрлыбек Машбекұлы.

Мекеме жұмысымен танысу барысында министр аталған мәселелердің мән-жайын зерделеп, алдағы уақытта шешімі қарастырылатынын жеткізді.

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

ӨЗЕН БОЙЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ



Құрметті Әлихан Асханұлы! Өзіңізге белгілі, Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында еліміз үшін мән-маңызы айрықша мәселелермен бірге су шаруашылығы жүйесін тиімді дамытудың басымдықтарын да айқындап берді.

Елімізде су қорының проблемасы ең өзекті аймақтың бірі – Сыр бойы және Арал өңірі. «Көксарай» су реттегішінің техникалық жағдайына байланысты жобалық көлеміне дейін су жинақтау мүмкіндігінің шектелуі салдарынан Қызылорда облысында өте күрделі күйдегі су тапшылығы қалыптасты.

Кіші Арал теңізіне белгіленген су лимитінің толық жеткізілмеуі, сондай-ақ, Қырғыз Республикасында 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін энергетика саласында төтенше жағдай режимінің енгізілуі «Арал-Сырдария» бассейніндегі жағдайды одан әрі күрделендіреді.

Анықтама үшін: жоғарғы ағыс су қоймаларындағы су көлемі өткен жылмен салыстырғанда 3 млрд текше метрге аз, соңғы 12 жылда Кіші Аралдың көлемі 8,5 млрд текше метрге азайды, Сырдария өзенінің жағдайы тікелей тәуелді «Токтағұл» су қоймасы энергетикалық режимде жұмыс істейді.

Қалыптасқан жағдайды ескере отырып, Қызылорда облысында су шаруашылығы ахуалын түзеу және Арал теңізінің одан әрі тартылуына жол бермеу үшін жедел шаралар қабылдау қажет.

Осы орайда, Сыр өңіріндегі су тапшылығын төмендету мақсатында қысқы-көктемгі кезеңде тасқын суды жинақтау аса маңызды. Ол үшін «Қараөзек» су арнасында 3 су тоспасы қалпына келтірілген жағдайда 1 млрд текше метрге дейін тасқын суды жинақтап, Қазалы ауданында 31 мың гектар суармалы, 120 мың гектар шабындық және жайылымдық жерді тұрақты қамтамасыз етудің, вегетациялық кезеңде Арал теңізін

суландырудың мүмкіндігі кеңейеді.

Су ресурстары комитеті «Қараөзек» арнасында салынатын су қоймасының жобалық құжатын әзірлеп, мемлекеттік сараптама қорытындысын алу үшін Қаржы министрлігіне ұсынды.

Анықтама үшін: вегетациялық кезеңде Сырдария өзенінен «Қараөзек» арнасына шамамен 600 млн текше метр беріледі. Тасқын су кезінде «Қараөзек» арнасы толған жағдайда вегетациялық кезеңде су беру қажеттілігі азаяды. Вегетациялық кезеңде шамамен 400 млн текше метр суды Сырдария ауданының суармалы жерлеріне бағыттауға болады.

Сондай-ақ, Жаңақорған ауданында су тапшылығын азайту, инженерлік жүйеге келтірілген егістік жерлерді сақтау, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мал азығын дайындау көлемін арттыру мақсатында 30 мың гектардан аса суармалы егістік жерлерді қамтитын «Келінтөбе» магистральді каналына Сырдария өзенінен қосымша су кіретін арнаын және каналдың бас сағасы аймағында су тоспасының құрылысын салу аса өзекті.

2022 жылы Қызылорда облыстық бюджетінің шұғыл шығындарға арналған резервінен бөлінген қаржы есебінен «Жаңақорған ауданындағы «Келінтөбе» магистральді каналына су беретін канал қазу» жобасының сметалық құжаты әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы берілді. Жобаны жүзеге асыру арқылы «Келінтөбе» каналына секундына қосымша 11-15 текше метр су жеткізуге болады. (16.02.2023 ж. №19-0068/23; жоба құны 542 млн теңге).

Анықтама үшін: 2017 жылы «Келінтөбе» магистральді каналының бас сағасы аймағында су бөгеті істен шықты. Каналға судың тұрақты түсуі Сырдария өзеніне секундына 450 текше метрге дейін су жіберілген жағдайда ғана жүзеге асырылады. Каналға су түсудің ең аз көрсеткіші секундына 150 текше метр. 2023 жылғы 16 тамыздан бастап Қызылорда облысына секундына 100 текше метр су жіберілуі салдарынан Жаңақорған ауданы егістігінің 48% жоғалуы қауіп туындады.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Су ресурстары және ирригация министрлігіне Қызылорда облысында қалыптасқан су тапшылығы мәселесін жүйелі бақылауға алып, 2023 жылдың бөдетін қайта бағыттау кезеңінде жедел шешуді тапсыруыңызды сұраймын.

Құрметпен,
Руслан РҮСТЕМОВ,
Сенат депутаты



Қ.ҚАЗАНТАЕВ – 100

ЕЛГЕ АДАЛ ҚЫЗМЕТ ЕТУДІҢ ҮЛГІСІН КӨРСЕТКЕН ҚАЙРАТКЕР



Облыс әкімдігінде Сыр елінің өркендеуіне елеулі үлес қосқан тарихи тұлға, қабырғалы қайраткер Қонысбек Қазантаевтың 100 жылдық мерейтойына арналған «Елге адал қызмет етудің үлгісін көрсеткен қайраткер» атты ғылыми-танымдық конференция өтті. Қайраткерді ұлықтауға арналған жиынға ардагерлер, зиялы қауым өкілдері, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессор-ғалымдары, аудандық делегациялар, мәслихат депутаттары, қоғамдық ұйымдар мен БАҚ өкілдері, ұрпақтары, туған-туыстары қатысты.

Сб Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

Конференцияда алдымен облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов сөз сөйлеп, жиынды жүргізіп отырды. Спикер Қонысбек Қазантаевтың есімі туған халқына қалтқысыз қызмет еткендер қатарында өз білгімен аласармай, уақыт өткен сайын асқақтай түсетінін атап өтті. Сондай-ақ, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуы жоспарланғанын, Президент әкімшілігінің жұмысымен қатар келуіне байланысты аймақ басшысы жиынға қатыса алмайтынын жеткізіп, облыс әкімінің конференцияға сәттілік тілеген хатын оқып берді.

«Қойнауы құтқа толы қасиетті Сыр елінің жері ұлт мүддесі, ел қамы, аймақ абыройы үшін тер төккен асыл азаматтар мен жайдары жандарға толы. Солардың бірі – елдің біртуар азаматы Қонысбек Қазантаев еді.

Қонысбек Төрешұлы – өшпес із қалдырған ғұмырының жарты ғасырын ел басқару ісіне арнап, өңіріміздің өркендеуіне, ырысты, күршіт аймаққа айналуына сүбелі үлес қосқан абыз ағамыз. Қонысбек аға ел басқару жолында алғысқа кенеліп, Қармақшы, Шиелі, Тереңөзек, Жалағаш аудандарының экономикасын көтеріп, ауыл өмірінің дамуына үлес қосты.

«Ел еңсесі азаматымен биік» дейді. Қиын да өтпелі кезеңдерде халықты байыпты әрекетке бастап, елді ортақ мүддеге ұйыстыра білді. Адалдықтың, әділдіктің, турашылықтың туын желбіреткен бірегей болмыс ретінде байырқалы бастамаларға дөңкер болды.

Тұрақтылықты ту етіп, қарапайымдылықты қағида еткен ғазиз азаматтың парасат жолындағы ізгілікті істері мен қарекетті қадамдары ел есінде, жұрт жадында делінген хатта.

Айта кетсек, қайраткер тұлғаның 100 жылдығы аясында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес арнайы іс-шаралар өтуде. Жоспар бойынша Шиелі, Жалағаш, Сырдария аудандарында танымдық конференция болып, ас берілді. Еске алу шараларының барлығында қайраткердің өнегелі өмір жолы насихатталды. Наурызбай Байқадамов тағылымды шараның маңыздылығын да атап өтті.

– Биыл біршама жерлес тұлға

ларымыздың есімін атап өту жоспарлануда. Осы шаралар аясында біз өмірде жиі кездесетін «Тұлға тарихты жасай ма, әлде тарих тұлғаны жасай ма?» деген сұраққа жауап іздеп көреміз. Бұл алдымен өмірден өткендер үшін емес, арта қалған бізге керек. Әйтпесе, қоғам қайраткері, тұлға деген түсініктерді кез келген жерге жапсырып, мәнін түсірудеміз. Адам үшін әділет пен ақиқат – ең үлкен қағида. Рухты адамның денесі көрде болса да, өнегесі төрде деп түсінеміз. Ондай жандардың қоғамдағы орнын көрмеу жақсы болуға ұмтылдырмайды. Жақсы болуға ұмтылмасақ, жаман аттан сақтана алмаймыз. Жаман атандан сақтанбаудан ұрпағымызды атасыз қалдырамыз.

85 жылдық аясында облысымыздың өркендеуіне елеулі үлес қосқан қайраткер аға буын өкілдерінің еңбеккер, адал қасиеттерін кейінгі ұрпаққа үлгі ретінде насихаттау жұмыстары ойландырылған. Исатай Әбдіқаримов, Тәкей Есетов, Қонысбек Қазантаев, т.б мерейтойлары аталып өтуде, яғни, жақсыларымызды ұмытпайық. Ал оларды танып-білу үшін де қабілет керек. Ол қабілетті осындай басқосуда дамытамыз, – деді Н.Байқадамов.

Мұнан соң Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапхана директоры, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Нұрлыбек Мынжас «Дәуір тудырған тұлға» тақырыбында баяндама жасап, аймақтың мәдени-рухани, әлеуметтік-экономикалық жетістіктерінде Қонысбек Қазантаев қосқан үлесінің орасан екендігі жөніндегі деректерімен бөлісті.

– Ол бүкіл әлемді шарпыған екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан аға ұрпақтың өкілі еді. Жасы жиырмадан енді асқан оның еңбекке араласқан кезі Ұлы Отан соғысынан кейінгі қысылтаң уақыт болатын. Соғыстан кейінгі ахуалды еске түсірудің өзі ауыр. Міне, осындай ауыр уақытта, елдің еңсесін сүм соғыстың салдары басқан кезеңде ел үшін күн-түн демей еселеп еңбек ету Қонысбек Төрешұлымен тұстас ерте есейген, есті ұрпақтың иығына ауыр жүк болып артылды.

Қонысбек Төрешұлы ерен еңбеккер, іскер жан еді. Ардақты ағамыз өз дәуірінде дара тұлға болғанын халқы ол кісінің көзі тірісінде-ақ мойындаған. Оған Қонысбек ағамыз жайында жазылған ғұмырнамалық кітаптар мен бірнеше халық қалаулыларының, қарапайым еңбек адамдарының газет-журнал беттерінде жариялаған естеліктері дәлел бола алады, – деді Нұрлыбек Мынжас.

Жиында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің доценті, тарих ғылымдарының докторы Дастан Сәтбай «Қазантаев тағылымы» тақырыбында баяндама жасап, халықтың қарапайым ұлы, білікті басшы, мемлекет және қоғам қайраткері Қонысбек Төрешұлының рухына тағзым ету, елеулі еңбегін насихаттау негізгі мақсат екенін айтты.

– Баяндаманы дайындау барысында қайраткердің замандастары мен шәкірттері, қарапайым еңбек адамдарының естеліктерімен, ауызша куәліктерімен танысып, нағыз халықтық басшының, халықтық басқару ісінің, темірдей ішкі тәртіп пен ұқыптылықтың, ұлт менталитетінің өзгертуге әлеуеті жететін бірақ оған аудандық масштаб мүмкіндік бермеген қайраткер екеніне көз жеткізді. Ол тұрмыста да, ұсақ-түйекте де ұлы болды. Облыс көлемінде шаруашылық жүргізудің субмәдениетін, Қазантаев әлемін жасай алды. Ұқыпсыздықтың жоғарыдан да, күнделікті өмір мен тұрмыстан да шыққан көріністерімен аяусыз күресті. Қазір облыс көлемінде шаруашылық басқарып жүрген азаматтар үшін Қазантаевтың өміршең істері мен шешімдері жетіп артылады. Тек басшылыққа алса болғаны, – деді Дастан Сәтбай.

Сондай-ақ, конференция барысында Қызылорда облысының құрметті азаматы, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Алмагүл Божанова сөз сөйлеп, өз еңбек жолында талай маманды жұмыс жасауға үйретіп, еңбексүйгіш буын қалыптастырып, ел үшін еңбек ететін кадрлар өсірген Қонысбек Қазантаевтың кадр тәрбиелеудегі іскерлігі, еліміздің өркендеуіне атсалысқан шәкірттері туралы айтты. Қайраткердің басшы ретіндегі әділдігі, талапшылығы, тазалығы, кез келген істі беріле атқаратындығы қарамағындағы қызметкерлерге үлгі-өнеге болғанына тоқталды.

– Қонысбек Төрешұлы 22 жыл Тереңөзек, Жалағаш аудандық партия комитеттерінің бірінші хатшысы қызметін атқарды. Менің ойымша осындай басқару жүйесіндегі ерекше тұлғалардың қарым-қабілетін, пайым-парасатын, басқару әдістерін, стилін жас буынға сабақ ретінде үйретсе артық болмас еді. Конференцияның бас баяндамашылары Қонысбек Қазантаевтың бейнесін, болмысын

ашып берді. Осыны әрі қарай зерттеп-зерделеу керек. Қонысбек Төрешұлы бұрынғы Тереңөзек ауданын басқарған кезінде уақыттың қиындығына қарамастан әлеуметтік-рухани салалардың жан-жақты дамуы онымен қатар қызмет атқарған қоғам қайраткерлері Елеу Көшербаев, Қожахмет Бекқожаев, Көбейсін Исаев, Мақсұт Әбдіразақов, тағы да басқа іскер ұйымдастырушылар, асыл азаматтардың аянбай еңбек етуіне де байланысты болды. Қонекен бұл кісілердің арқайсысын жоғары бағалады. Шебер үйлестіріп отырды. Өмірінің соңына дейін солармен отбасылық қарым-қатынаста болды. Бұл – кейінгілерге аңыз етіп айтып отыратын үлгі-өнеге, – деді Алмагүл Божанова.

Конференция барысында Қонысбек Қазантаевтың өрітпесі, Қызылорда облысының құрметті азаматы Дина Айсина, Жалағаш ауданының құрметті азаматы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев, су шаруашылығы мен мұнай саласының ардагері, Қызылорда қаласының, Арал, Қазалы, Сырдария аудандарының құрметті азаматы Айтбай Көшербаев сөз сөйлеп, біртуар азамат Қонысбек Қазантаев жайлы жылы естеліктері бөлісіп, өнегелі өмірі мен кадр даярлаудағы іскерлігі жайында сөз өрбітті.

Расында саналы ғұмырының 50 жылын ел дамуы жолындағы еселі еңбекке арнаған Қонысбек Қазантаев қоғам қайраткері ғана емес, II дүниежүзілік соғысқа қатысқан сарбаз. Сан қырынан сыналған Қонысбек Төрешұлы Кеңес Одағы Коммунистік партиясының Мәскеудегі XXIII съезіне делегат болып қатысты. Отыз бес жыл бойы аудандық партия комитетінің мүшесі, аудандық, облыстық Кеңестердің депутаты болып сайланды. «Октябрь революциясы», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 2 рет «Құрмет Грамотасымен» марапатталған. Айта кетейік, Қызылорда қаласы мен Қармақшы, Шиелі, Сырдария аудандарындағы бір көшеге Қазантаев есімі берілген. Ал Жалағаштағы аудандық мәдениет үйі Қ.Қазантаев есімімен аталады.

Іс-шарада Қ.Қазантаевтың ұлы, «Құрмет» орденінің иегері, Сырдария ауданының құрметті азаматы Ғ.Қазантаев сөз сөйлеп, 100 жылдықта арналған іс-шараларды облыс көлемінде ұйымдастыру мен өткізуге қолдау білдірген облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевқа ризашылығын білдірді.

Айта кетсек, Сырдың аяулы перзентінің есімін ұлықтауға арналған шаралар кешені одан әрі жалғасады.

Суретті түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ



ПАРТИЯ ФРАКЦИЯСЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

«AMANAT» Төрағасы Ерлан Қошанов Парламент Мәжілісінде партия фракциясының жиналысын өткізді.

Отырыста еліміздегі отбасы, ана мен бала құқығын қорғаудың қазіргі жағдайы талқыланды. Сондай-ақ жұртшылықпен бірлесіп әзірлеген балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жаңа заң жобасы таныстырылды.

Аталған жиынға партияның облыстық филиалының атқарушы хатшысының орынбасары А.Жарылқасынов және фракция мүшелері мен тиісті кеңес төрағалары бейнебайланыс арқылы қатысты.

«TALQYLAU» АЛАҢЫ

«AMANAT» партиясы облыстық филиалының «TALQYLAU» диалог алаңында Президент Жолдауынан туындайтын міндеттер талқыланды.

Ашық пікірталас алаңына партияның облыстық филиалының атқарушы хатшысы Л.Төрешова, «Ақмешіт ақшамы» газетінің бас редакторы С.Бикожа, облыстық мәслихаттағы «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, «Қызыл-ордасуар» өндірістік учаскесінің басшысы Ж.Нұрымбетов және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің экономика және құқық институты директоры Н.Құлмырзаев спикер ретінде қатысып, экономикалық даму мен саяси реформалар жайлы пікірлерін ортаға салды.

КӨШПЕЛІ ЖИЫН

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-ның облыстық филиалында «AMANAT» партиясы жанындағы республикалық Партиялық бақылау комитетінің көшпелі отырысы өтті.

Жиынға партияның облыстық филиалының атқарушы хатшысының орынбасары А.Жарылқасынов, партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Н.Бақытбекұлы және тиісті сала басшылары бейнеконференция арқылы қатысты.

Көшпелі отырыстың күн тәртібіне сәйкес орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары – партия мүшелерінің халыққа сапалы мемлекеттік қызметтер көрсету процесін одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмыс сараланды.

РАДИОАКТИВТІ ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯҒА ӘСЕРІ

Облыстағы радиоактивті қалдықтардың экологияға әсері жайлы «AMANAT» партиясы жанындағы аймақтық экологиялық кеңес отырысында қаралып, талқыланды.

Жиынға партияның облыстық филиалының атқарушы хатшысының орынбасары А.Жарылқасынов, аймақтық кеңес төрағасы Ж.Нұрымбетов, Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің жедел уәкілі Е.Мырзақерім және уран өндіріші мекемелер басшылары, кеңес мүшелері мен эколог мамандар қатысты.

Алдымен кеңес төрағасы Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан туындайтын міндеттер жайын атап айтты.

Жиын барысында өңірімізде уран өндіріші «Байкен-У», «РУ-6», «Қызылқұм», «Семізбай У» мекемесі басшыларының азаматтар қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы есебі тыңдалды. Кеңес отырысына ұсынылған мәселелер хаттамаға енгізілді.

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТАЛАП-ТІЛЕГІ ТЫҢДАЛДЫ

Облыстық мәслихаттағы «AMANAT» партиясы депутаты фракциясының мүшелері А.Рахметов, Е.Искендер және облыс бойынша экология департаменті басшысының міндетін атқарушы В.Мұстаыпова азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдаулар өткізіп, тұрғындардың сұрақтарына жауап берді.

Қабылдауға келген азаматтарға заңнамалар аясында кеңестер беріліп, кейбір тұрғындардың тұрмыс ахуалына байланысты әлеуметтік көмек көрсетілді.

Сондай-ақ «Құқықтық көмек» жобасы аясында облыстық филиалдың заңгері С.Алшынбеков түсіндірме жасады.

Жалпы атта ішінде қоғамдық-саяси 64 іс-шара ұйымдастырылды.

«СБ» ақпарат



ҚОР БІЛІМ БАЗАСЫН ЖАҢАРТТЫ

Жаңа оқу жылының басында Жаңақорған ауданында №286 орта мектебі «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен заманауи құрал-жабдықтармен жаңартылды.



«Ауылдық аймақтардағы тірек мектептердің әлеуетін арттыру» жобасының екінші кезеңі аясында «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры мен «Білім беруді тұрақты дамыту» қоры арқылы 250 млн теңге қаржы бөлініп, білім ұясының базасы толықтай жаңғыртылды.

Шараға «Қазақстан халқына» қоры төрағасының орынбасары Лаззат Шыңғысбаева, «Білім беруді тұрақты дамыту» қорының жетекшісі Данияр Тоқтарбаев, облыстық білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Бағдат Бердаулетов, аудан әкімінің орынбасары Бектас Нұридинов қатысты.

Мұнда 26 жаңа негізгі пәндік және 10 қосымша білім беруге арналған кабинет, жалпы 36 кабинет жаңартылған. Олардың қатарында STEM-лабораториялар, робототехника мен арнайы арт-студия, кинотеатр бар. Сондай-ақ акт залы мен мектеп кітапханасы толықтай заманауи техникамен қамтылған. Келешекте бұл мектеп тәжірибесін аудандағы шағын комплектті мектептерге көрсетуге үлкен мүмкіндік туды. Сонымен қатар бала шығармашылығын дамытудың таптырмас тетігі. Ең бастысы мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстары тұрақты өткізіліп тұрады.

Нәтижесінде негізгі пән ұстаздарының да жұмысы жетіле түседі. Физика пәні мұғалімі Ақмарал Садырқызының айтуынша енді олар барлығын іс жүзінде жасай алады.

– Мектеп бағдарламасын тәжірибелер арқылы жасауға мүмкіндігіміз бар. Мәселен, Roqed панельдер, Эйнштейн лабораториясы, математикалық маятник тербелісі мен формуласын іс жүзінде көрсете аламыз. Бұл балаларға түсіндіруімізді жеңілдетіп, олар да өз кезегінде жылдам меңгеріп алады, – дейді ұстаз.

– «Ауылдық аймақтардағы тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы білім беру кеңістігі мен үдерістеріне жаңа әдістерді әкеліп, ауыл баласының жоғары деңгейде білім алып, біліктілігін қалыптастыруға бағытталған. Былтыр Аралдағы мектепті жаңарттық. Биыл Жаңақорған ауданына тоқталып отырмыз. Алдағы уақытта Қармақшы ауданында толыққанды тірек мектебі пайда болады, – дейді «Қазақстан халқына» қоры төрағасының орынбасары өз сөзінде.

ҚАЗАЛЫ: БЕРЕКЕ БАСТАУЫ –



Тағылымды тарих – кемел келешек

Алдыңмен аудан тарихына қысқаша көз жүгірткенді жөн санадық. Өңір 85 жылдық асуда тұрса, мұндағы елді мекендердің кешегі ғасырға бойлап жатқанын ескерген абзал. Тұран ойпатынан орын тепкен іргелі аудан бірнеше аймақпен шекараласып жатыр. Шығысында Қармақшы ауданы, оңтүстігінде Өзбекстан мемлекеті, батысында Арал ауданы тұрса, солтүстігінде Жезқазған облысымен шектеседі.

Аудан 42 елді мекен, 1 қалалық, 1 кенттік және 19 ауылдық округке біріктірілген. Алғаш аудан орталығы болған Қазалы қаласының іргесі 1853 жылы қаланған. 1867 жылы №1 форт Қазалы қаласы атауына өзгертіліп, Ресей мен Орта Азия елдерінің қарым-қатынас орталығына айналды. 1872 жылы Қазалы қаласы уезд орталығы болды. Оның құрамына қазіргі Қармақшы, Арал аудандарының территориясы енген.

Жергілікті басқару өкіметі ретінде 1917 жылы жұмысшы-шаруа және солдаттар депутаттарының кеңесі құрылып, кейіннен ол большевиктік ұйым болып қалыптасты. 1928 жылы Қазалы ауданы құрылып, Қазалы қаласы 1958 жылға дейін аудан орталығы болды. Ал 1958 жылы аудан орталығы Жаңақазалы поселкесіне, яғни, қазіргі Әйтеке би кентіне көшірілді. 1993 жылы Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінде бұрынғы партиялық және кеңестік басқарудың орнына әкімшілік басқару жүйесі енгізілді.

Тарих дегеннен шығады, аудан орналасқан жер көнеңің көзіндей. Себебі Қазалы аумағында Х-XI ғасырлардағы Оғыз қағандығының орталығы болған Жанкент қаласының орны әлі бар. Одан беріде бұл топырақта талай батыр мен биешен дүниеге келді. Жалаңтөс пен Әйтеке, Жанқожа мен Ақтан, Ашабай мен Сырлыбай, Жылқыайдар мен Жетес, Үмбет пен Ерімбеттен бастап, ұзақ тізім жалғастыра беруге болады. Кеңес одағы кезінде Қазалы ауданынан 6 Кеңес одағының Батыры, 5 Социалистік Еңбек ері шықты.

Бүгінде тіршілігі түрленген аудан халқына барлық қолайлы жағдай жасалған. Адам үшін ең басты құндылық – денсаулық десек, сырқатына ем іздегендер өзге жерге сабылмай-ақ ем қабылдай алады. Тұрғындарға 34 емдеу мекемесі – ауданаралық және теміржол ауруханасы, «Жетесби», «Болат жолы» ауылдық емханалары, 15 дәрігерлік амбулатория, 8 медициналық бекет, 3 фельдшерлік-акушерлік бекет, 1 жедел жәрдем стансасы, «Шипагер» дәрігерлік амбулаториясы қызмет көрсетеді.

Кәсібі кеңейгеннің кеніші бай

Аудан жұрты қай кезде де түрлі кәсіптен кем болған емес. Бірнеше ғасырдан бері мал шаруашылығымен айналысқан елді мекенде қазір кәсіп түрлері жандануда. Сонау 1970 жылы Сырдария өзені бойынан «Басқара» су торабы салынып, сол үшін егін мен мал шаруашылығы басым бағытқа айналды.

Ел дамуы жайында айтқанда экономиканы алғашқы орынға қоятынмыз белгілі. Ал оның көзі осы кәсіпте жатыр. Әсіресе, ауданда ауыл шаруашылығы саласының дамып жатқаны көз қуантды. Саладағы өнімнің жалпы көлемі 5,7 млрд теңгені құрап, жыл сайын көрсеткіші артып келеді. Бұның бәрі еңбек сүйген шаруалардың арқасында іске асуда. Мәселен, жыл басынан 3,3 мың тонна ет, 8,7 мың тонна сүт және 804 мың дана жұмыртқа өндірілген.

Егіннің жайы да жақсы. Аудан бойынша биыл барлығы 17 377 гектар жерге дақыл егілген. Күріш 6450, бақша 1115, көкөніс 950, картоп 315, мал азығы 6876 гектар жерді алып жатыр.

Қазалы бойынан республикалық маңызы бар «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автомобиль жолы

мен теміржол желісі өтеді, яғни, ауданның экспорттық қарқыны бар. Қазір мұнда өнеркәсіп саласында 19 кәсіпорын өнім өндірумен және қызмет көрсетумен айналысады. Қазалы күріші мен көмпиті, балық, сапалы сүт өнімдері шетелдерге танымал. Ақталған күріш және күріш ұнтағы ТМД елдеріне, соның ішінде Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан, Украина, Түркіменстан, Қырғыз Республикасы, Әзербайжанға және



кәрі құрлықтағы Польшаға экспортталауда. Бұдан бөлек, балық өнімдері мен қамыс Ресей, Дания, Германия, Грузия, Қытай елдеріне жөнелтіледі. Ауданда 150-ге тарта кәсіпорын мен мекеме, 5 сауда базары, 2 мал базары, 9 ірі сауда орталығы, 15 сауда үйі мен 790-нан астам шағын сауда дүкені, 9 мейрамхана, 5 қонақ үйі, 182 тұрмыстық қызмет көрсету және қоғамдық тамақтану орындары бар. Осыған қарап-ақ, аудан тіршілігі жанданып жатқанын ұғасыз.

Енді Қазалыдағы ірі кәсіпорындарға ойыссақ. Алғашқысы – Ібайдулла Тілепұлы басқаратын «Фирма Тілеп». 1997 жылдың маусым айында құрылған жеке фирма қызмет көрсету, сауда-саттық, мал шаруашылығы бойынша аудан жұртына тынымсыз қызмет көрсетіп келеді. Кәсіп жайын сөз еткенде «Қарашеңгел» ауылдық округіндегі «Жалаңтөс батыр» ЖШС-ны айтып кету мүмкін емес. Егін шаруашылығы өнімдерін шығарумен айналысатын шаруашылық осы күні 65 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Ауылшаруашылық жер көлемі – 2585 гектар. Оның ішінде егістік 1597, жайылым 406, басқа алқаптар 582 гектарды құрайды. Биыл ауыл шаруашылығы дақылдарынан 6450 гектар күріш, 50 гектар мақсары, 500 гектар жоңышқа күтіп-балталуда.

Өнімнің сапалы және таза болуы үшін 2007 жылы Қазалы қаласында Кеңес үкіметі кезіндегі «Автобаз» орнын күрделі жөндеуден өткізіп, күріш ақтайтын «Мерей» шаруа қожалығы ашылды. Зауыттан шыққан ақ күрішті еліміздің түкпір-түкпіріне және ТМД елдеріне экспорттайды.



Кореяның «Korea Industrial CO LTD» компаниясынан сағатына 5,0 тонна күріш ақтайтын жаңа технологиялық линия алынып, 2006 жылы күріш өңдеу зауыты іске қосылды. Шығарылған өнім 2-50 келі арасындағы «Сыр күріші» деген логотипі бар полиэтилен қаптарға салынып, саудаланады. Осылайша «РЗА» қазір өңір экономикасына миллиардтап инвестиция салып отырған ірі мекемеге айналды.

Бұхарадағы «Көкілтай» медресесінің орны ерекше болды. Медресе түлектерінің қатарында Сыр өңірінде өздерінің дербес мешіт-медресесін ашқан ағартушы-ұстаздар көптеп саналады.

Беріге оралып, тарихқа жүгінсек, 1850-1869 жылдары жұмыс істеген Орынбор шекаралық комиссиясы жанынан ашылған қазақ мектеп-интернаты ерекше рөл атқарған. Оқушыларға білім берумен бірге писарьлар мен тілмаштар дайындауды мақсат тұтқан орында тағылым алғандар туралы тізімдеме Орынбор мемлекеттік мұрағатында сақталған. Ол жерден алты Алашқа аты мәшһүр қазақтың көрнекті ағартушылары Ыбырай Алтынсарин, Нұрым Мұңсызбаев және Шахмұрат Құлыбековпен бірге қостанайлық Момын Байдосов та тәлім алған.

Қазақстанның Орталық музей мұрағатында тіркелген материалда: «Қазалыда қазақ мектебін ашу қарекеті 1860 жылы басталғанмен, қаржы тапшылығы, құрылыс саймандарының жер түбіндегі орыс қалаларынан жеткізілуі, дайын мұғалім де жоқ, бауау жүзеге аса бастады. 1862 жылдың 3 қарашасында Орынбор генерал-губернаторы А.Катенин сенімді инженер Генрихке 25 оқушыға арналған қазақ мектебінің сызбасын дайындауды тапсырды. Үй – алты бөлме. Бір сынып, оқытушыларға арналған екі бөлме, асханасы да бар. Сызба Қазалыға губернатордың 2413 қатынасымен



Беріге оралып, тарихқа жүгінсек, 1850-1869 жылдары жұмыс істеген Орынбор шекаралық комиссиясы жанынан ашылған қазақ мектеп-интернаты ерекше рөл атқарған. Оқушыларға білім берумен бірге писарьлар мен тілмаштар дайындауды мақсат тұтқан орында тағылым алғандар туралы тізімдеме Орынбор мемлекеттік мұрағатында сақталған. Ол жерден алты Алашқа аты мәшһүр қазақтың көрнекті ағартушылары Ыбырай Алтынсарин, Нұрым Мұңсызбаев және Шахмұрат Құлыбековпен бірге қостанайлық Момын Байдосов та тәлім алған.

Егін шаруашылығында кластерлік жүйені жолға қойғандардың алдыңғы легінде тағы да осы «РЗА» АҚ тұр. Компанияның негізгі тұтынушылары – Ресей, Украина, Түркіменстан мен Тәжікстан. 2010 жылы «РЗА-Асыл түлік» ЖШС еліміздің индустриалдық даму картасы аясында инвестициялық жоба бастап, экспортқа бағытталған сүт және ет өнімдерін шығару үшін тауарлы-сүт фермасын және сүт өңдейтін зауыт салды. 2021 жылдың қорытындысы бойынша «РЗА-Асыл түлік» ЖШС өр сыйрадан 9 мың литрден астам сүт сауып, еліміздегі 200 сүт фермасының ішінде үшінші орынға тұрақтады. Қазір қырыдағы Қазалының сүт өнімдерінің мақсаты мөңді, сүт-айраны – «Дәмді». Бұл өнімді Қазақстанның әр түкпірінен кездестіре аласыз.

«РЗА» мекемесі көлік жүргізушісі, экскаватор мен краншы, бульдозерші, сауыншы, агроном, гидротехник, құрылысшы, ветеринар, бақташы сияқты мамандық бойынша шетелде жастарды оқытып, қайта оралған соң өз қарамағына жұмысқа алады. Мұндай жақсылықтың елеусіз қалмағаны абзал. Ауыл шаруашылығы саласына мән беріп, кадр даярлап, еңбек адамының әлеуметтік жағдайын дұрыстауымыз тиіс», – дейді «Құрмет», «Парасат» және III дәрежелі «Барыс» орденінің иегері Самұрат Жұманұлы.

Білім ошақтарының бағдары

Біреу білсе, біреу білмес, Қазалы – қазақ жеріндегі алғашқы мектеп ашылған санаулы тарихи мекеннің бірі болған. Осыдан-ақ ауданның әуелден білім саласына екпін беріп, ағартушылық ісін алғашқылардың қатарында қолға алғаны көрінеді. Әрине, біз қазақ даласындағы мектеп тарихын патша үкіметі кезеңінен бастап отырмыз. Әйтпесе, қазақ даласында ағартушылық істі ертеден ишандар мен ахундар, оқымысты ғұламалар өрістеткені мәлім. Олар ел өміріндегі ықпалды әлеуметтік топ ретінде халықты ислам дінінің басты ұстанымы – имандылыққа тәрбиелеген, мешіт салдырып, медреселер ашқан, шығыстың классикалық әдеби мұраларын насихаттаған.

Сыр елінен шыққан ағартушы ұстаздар философия, грамматика, лингвистика, шығыс тарихы мен әдебиеті, астрономия, жалпы жаратылыстану салалары бойынша кәсіби білікті болған. Бұлар негізінен Мекке, Медине, Бағдат, Шам, Ыстанбул, Каир, Кабул, Герат, Хиуа, Хорезм, Үргеніш, Самарқан мәдениет орталықтарында оқыған. Өңір халқын ағартуда

жетті. Оқу – төрт жылдық. Жылына 1705 рубль жұмсалып тиіс. Тек сенімді қазақтардың балаларын ғана оқыту қарекеті де қатаң тапсырылған» деп көрсетілген.

Генерал-губернатор Қазалы қаласының комендантына 1862 жылдың 20 қарашасында жолдаған сол қатынасында оған қарауындағы офицерлер, қала тұрғындарымен жиын өткізіп, осы мектептің салынуы туралы талқылап, 1863 жылы ашылуын нықтаған. Осылайша 1862 жылы Қазалы жерінде ең алғашқы мектептің іргетасы қаланған. 1863 жылдың 24 мамырында Орынбор әкімшілігі 1 форттың қазақ мектебінің смотритель-мұғалімдігіне 100 рубль еңбекақымен Жолмұхаммед Байжановты бекіткен. Ол Қазалыдағы қазақ мектебін ашуға бір жерде сол жылдың 23 маусымында, екіншісінде 11 шілдеде келді деп көрсетілген. Мұғалім өзімен бірге араб, парсы, татар тілдерін оқытатын 12 кітап ала келген. Ақыры Қазалыдағы тұңғыш қазақ мектебі 1863 жылдың 1 қыркүйегінде ашылған. 1864 жылдың 14 қаңтарында Жолмұхаммед Байжанов Сырдария жүйесінің бастығы Веревкинге өз арзыы бойынша Орынборға жіберуін өтінеді. 1864 жылдың 12 қарашасында Қазалыға Орынбор қырғыз мектебінің түлегі болып Момын Байдосов келеді. Ол ұйымдастыру кезіндегі қиыншылықтарға қарамастан, бұл мектепте 1877 жылдың 1 қыркүйегіне дейін үзбей 13 жыл ұстаздық қызмет атқарған.

Одан кейін де ауданда оқу, білім беру ісі үздіксіз жүрген. 1918 жылдың өзінде Перовск және Қазалы уездерінде халыққа білім беру бөлімдері құрылып, қызмет атқара бастады. Мәліметтерге сүйенсек, 1918 жылдың қазан айында Қазалы уездік халыққа білім беру бөлімі құрылған. Оның төрағасы А.Акирский болды. Қазалы уездік халыққа білім беру кенесінің алғашқы мүшесі А.Акирский, Г.Ольшевская, Қ.Унгебаев, А.Ақшолалов болған. Ауданның білім беру саласын одан кейінгі жылдары Е.Құдасов, С.Толыбеков, С.Нұрманов, Р.Бөлебаев, Ш.Әлімбетов, Ә.Ұлманов басқарады.

Ал бұл іс одақтың өзге аймақтарында басқа сипатта болды. Қазан төңкерісінен екі жылдан кейін, 1919 жылдың 26 желтоқсанында В.Ленин қол қойған «Сауатсыздықты жою туралы» декрет шықты. 1920 жылы мамыр айында Қаз КСР Халық Комиссарлар Кеңесі «Қазақ АССР-ның біртұтас жүйедегі еңбек мектебінің ұстаы» қабылдады. Сырдың топырағында туып өскен білімдар педагог



ЕЛДІҢ ЫНТЫМАҒЫНДА



Е.Букиннің де ағартушылық қызметі қызылордалықтарға жақсы мәлім. Оның 1920 жылы орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздігі жарық көрді. Бұл Қазақстандағы алғашқы ғылыми сөздік еді.

Облыс көлемінде мектептер санының өсуі 1930 жылдардан кейін ерекше қарқынға ие болды. Жалпы, кей деректер Сыр бойына Қазақстан астанасы көшіп келмей тұрып-ақ бұл аймақтың еліміздің оқу ісінде маңызға ие болғанын көрсетеді. Мәселен, 1924 жылы мектепке дейінгі мекемелер қызметкерлерінің бүкілқазақстандық тұңғыш конференциясы Қызылорда қаласында өткізіледі. Сол сияқты балалар мекемелері ісіне қатысты бұл аймақта мол тәжірибе жинақталады. Жоғарыда аталған республикалық конференцияның да, одан кейін де көптеген шаралардың Сыр бойында өтуі біздің аймағымыздың 1920-1950 жылдары осы бір аса маңызды істе жетекші орында болғанын көрсетеді.

Мемлекетімізді қалыптастыру, іргесін бекіту, халықтың рухани мәдениетін, дүниетанымын жетілдіру, сауаттандыру, әлеуметтік жағдайын көтеру жұмыстарымен айналысқан, имандылық пен білімділікті насихаттаған, құнды шығармалар жазып, ғажайып туындыларды дүниеге келтірген ғұлама-ағартушылар мен қайраткерлердің ұлтымызды ұйыстырудағы ролі орасан болғаны бүгінде тарихи шындыққа айналды.

Дүйсекеев пен Шығыс жастарының жалынды жетекшісі Ғани Мұратбаев. Бұл аталғандардың бәрі – өңірдің ғана емес, бүтін елдің мақтанышы.

Аудан ертеден өнерге ерекше ден қойғаны аңғарылады. 1967 жылы Қазалы халық оркестрі құрылды. Оркестрдің құрылуына себепші марқұм Махамбет Әуезов болатын. Әуезовтен кейін оркестрге Әбен Жолтаев жетекшілік жасады. Оркестрдің талайғы рет алған жеңісіне ерекше үлес қосқандар домбырашы, скрипкашы Махамбет Әуезов, режиссер Жәніс Өтемісов, оркестр жетекшісі Әбен Жолтаев, театр режиссері Жәдігер Тұрсын, хор жетекшісі Жансұлу және Қараман Ізмахановтар, эстрада жетекшісі Жаппар Құлмырзаев, баяншы Анатолий Цой, үрмелі аспапшы Г.Прасс пен домбырашы Орақ Баубеков еді. 1993 жылы ұжым ұсынысына сәйкес оркестрге «Мырза» аты берілді.

Бұл тұста «Әуезовтер» отбасылық ансамблінің де орны бөлек. Ансамбльдің алғашқы құрамындағы М.Әуезовтің ұл-қыздары Зылиха, Рахила, Роман, Дәрмен, Рабиға, Құрман, Арман өздері жастайынан үйренген әртүрлі ұлттық аспаптарда ойнап, алғашқы концертін Қарақалпақстан АССР-нің Қызылорда облысындағы әдебиет пен өнер күндерінде көрсетті. Көрерменнің ықыласына бөленіп, Қарақалпақстан Жоғары Советінің Құрмет грамотасымен марапатталды.



ген Жанқожа батыр ауылдық мәдениет үйі де өнерге үн қосып келеді. Жанынан драма үйірмесі ашылып, «Халықтық ұжым» атағын жеңіп алу үшін көптеген қойылымдар дайындап, халық назарына ұсынды. 1989 жылы Арал қаласында өткен республикалық аймақтық халық театрлар байқауына О.Бодықовтың «Қарақұм трагедиясы» атты драмалық дастанын көрсетті. Мәдениет министрлігінің шешімімен драма үйірмесі 1992 жылы «Халық театры» атағын жеңіп алды. «Халық театры» атағын жеңіп алуға көп еңбегін сіңірген сол кездегі мәдениет үйінің директоры, драма үйірмесінің жетекшісі Жәнділді Баймұратов болатын.

Өткен күннің өнегесін дәріптеу – бүгін күннің қажеті. Қазалы жұртшылығы ұлы жолдан жаңылмай, Халық қаһарманы, жерлесіміз Роза Багланованың 100 жылдық мерейтойына арналған «Шығыстың бұлбұлы» атты республикалық ақынды айтысын өткізді. Сөз додасына Павлодар, Шымкент, Түркістан, Ақтөбе облысынан айтыс-

тылды. Аталған тұлғалардың бәрі жерінің айыбын асқақтатып тұр.

Спорт серпіні

Аудан жөнінде айтарда спорт саласына да тоқталған абзал. Себебі аудан бұқаралық һәм кәсіби спорт жағынан алдыңғы қатарда. Қазір спортпен жүйелі шұғылданушылар саны 30 мың адамнан асып, халықтың 58 пайызын құраған. Халықтың спортқа тым жақын екенін келесідей деректерден аңғарсақ болады: биыл қазалылықтар түрлі спорт бойынша Әлем чемпионатынан 1 күміс, Азия чемпионатынан 4 алтын, 6 күміс медаль жеңіп алса, Халықаралық турнирлерде 3 алтын, 6 күміс, 8 қола еншілеген. Ал республикалық облыстық жарыстарда 18 алтын, 26 күміс, 31 қолаға қол жеткізді.

Биылғы Қазалыда өткен «Алтын күз – 2022» облыстық спартакиадасында аудан командалық есепте бірінші орын иеленгені де есімізде.

Жалпы, ауданда 5 спорт кешені, 47 жасанды спорт алаңы бар. «Ауыл – ел бесігі» жобасы шеңберінде 2022 жылы Қ.Пірімов ауылында, 2023 жылы У.Түктібаев ауылында спорт кешендері салынып, пайдалануға берілді. Биылғы демалушылар есебінен жалпы құны 79 млн теңгеге 2 ойын алаңы, 2 сквер, 1 аллея мен 1 жаттығу алаңының құрылысы жүргізілген. Аудандағы 2 спорт мектебі мен спорт клубында 3384 оқушы тұрақты түрде жаттығып жүр. Қазалыда бас-аяғы 200-ге тарта спорттық объекті болса, оның ішінде 3 стадион, 46 спорт зал, 129 спорт алаңы, балалар мен жасөспірімдердің 2 спорт мектебі бар. Аудан спортшылары талай дүбірлі додаларда топ жарып, ел абыройын асқақтатып келеді. Былғары қолпақ шебері Марина Вольнова 2012 жылы Лондонда өткен жазғы Олимпиада ойындарында қола медаль иеленгені ел жалында. Келешекте де төрткүл дүниені мойындатар ұландар шығарына сенім мол.

Мерейтой мезіретімен

Сонымен биыл қарқынды дамудың даңғылында келе жатқан Қызылорда облысының құрылғанына 85 жыл толды. Соның аясында жуырда облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен адам өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны қалыптастыру, елді мекендерді тазалық пен қоғалдану мақсатында «Үлгілі елді мекен» облыстық конкурсы өтті. Аталған конкурста тәуелсіз комиссияның шешімімен «Үздік аудан орталығы» номинациясы бойынша Қазалы ауданының Әйтеке би кенті үшінші орынға қол жеткізді. Бұл да – ауданның қол жеткізген белесінің бірі. Жеңімпаз ретінде

соңғы үлгідегі жаңа техникалар, ассенизатор машинасы мен жол тазалайтын тракторды табыс етті. Аудан халқының бірлігі мен қажырлы еңбегінің нәтижесі текке кеткен жоқ.

Бұған қоса Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, облыс әкімінің қолдауымен Қазалы ауданының орман және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесінің орманшы инспекторларына жағдай жасалды. Орман қоры жерлерін күзету, қорғау және өсімді молайту жұмыстарын сапалы жүргізу мақсатында биыл облыстық бюджеттен қаражат бөлініп, 10 дана арнайы қызметтік мотоцикл, бортты КамАЗ бен вахталық КамАЗ көліктерінің кілті табысталды. Бұл өз кезегінде орманшыларға жүктелген міндетті жоғары дәрежеде орындау үшін берілген мол мүмкіндік ғана емес, табиғатты қорғау ісіне ден қойылғанын айғақтайды.

Аудан үшін тағы бір қуанышты жаңалық – Ұлы Отан соғысының ардагері, ғасыр жасаған майдангер Кабақ Смағұл ақсақалдың әулеті «Мерейлі отбасы» байқауында аудандық, одан соң облыстық кезеңде жеңімпаз атанып, республикалық байқауға жолдама алды. Мәуелі бәйтеректей жапырағы кеңге жайылған Смағұлұловтар әулеті Астана төрінде лауреат атанды.

Қазалы жұрты облыстың 85 жылдық мерейтойын кең көлемде атап өтуде. Дәтәлі мереке аясында ауданда түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, бірқатар әлеуметтік нысан пайдалануға берілмек. Сонымен қатар, тағылымды мен тарбиелік маңызы зор, рухани-мәдени, спорттық бағыттағы түрлі жиындар, жарыстар өткізу жоспарланған.

Елеулі еңбек хақындағы түйін

Ауданның инженерлік инфрақұрылымын дамыту мәселесі әрдайым басты назарда тұр. Себебі халық санымен қоса жер кезегінде тұрған тұрғындардың саны жылдан жылға артып келеді. Тұрғын үй кезегінде тұрғындарды азайту мақсатында биыл Ғ.Мұратбаев ауылынан жаңадан ашылған аймақта салынатын тұрғын үйлерді ауысу, газ және электрмен жабдықтау үшін 310,483 млн теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары жүруде. Сонымен қатар, Әйтеке би кентіндегі көлемі 180 гектар жер учаскесіндегі тұрғын үйлерге сервистік ауысу жөнісін жүргізуге 109,4 млн теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары аяқталды.

Бұдан бөлек, жергілікті бюджеттен бөлінген 32,1 млн теңгеге аудан орталығынан көлемі 600 гектар жер учаскесін салынатын тұрғын үйлерді инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жобасы әзірленіп, тиісті орталық атқарушы органдарға қаржыландыруға ұсынылып үлгерді. Биыл аудан орталығындағы 4 көпқабатты тұрғын үй күрделі жөндеуден өтіп, пайдалануға берілді. Бұдан бөлек, аудандық бюджеттен тағы 3 тұрғын үй жөндеуік. Сондай-ақ, 18 пәтерлі 6 жалдамалы үйдің аумағын абаттандыру жұмыстары да биыл толық аяқталды. Аудан орталығы – Әйтеке би кентінің шет аймағындағы үйлерді электр желісімен қамтамасыз ету жұмыстарына 319 млн теңге бөлінді. Ал осы жылға бөлінген қаржы 187 млн теңгені құрап отыр.

Бұл бастамалармен қатар ауданды газдандыру жұмыстары да қарқынды жүріп жатыр. Өткен жылы Қазалы қаласы мен Жалаңтөс батыр, Қ.Пірімов, Басықара ауылдары «көгілдір отынға» қосылып, бүгінде тұрғындар оның игілігін көруде. Нәтижесінде ауданда тұрғын үйлердің газға қосылуы 63,2 пайызға жетті. Қазіргі таңда Абай ауылын газдандыру жұмыстарын бастауға 41,153 млн теңге бөлініп, құрылыс-монтаж жұмыстары жүруде. Сәтін салса, халық үшін жағымды жаңалықтың ауылы алыс емес. Сонымен қатар, ауданға қарасты тағы 5 ауылға магистралдық газ құбырын жеткізу үшін және Ақтан батыр ауылының орамшылқ газ желілерін жүргізуге жеке кәсіпкерлердің демеушілігімен жоба-сметалық құжаттар әзірленген.

Облыстың 85 жылдық мерейтойы қарсаңында аудандарды назардан тыс қалдырмау – бір парызымыз. Бүгін Қазалы ауданының өткені мен бүгінгі шолып, едәуір әңгіме еттік. Десек те, ауданның жеткен жетістігі бұл ғана емес, талай табысты тірлікті тарқатуға болады. Тарихы көненің көзіндегі ауданның қазіргі даму қарқыны көңіл көншітеді. Өндірісі ілгері басып, шаруашылығы еңбек жемісінен шет қалмай, тұрмысы түзеліп, кейпіне өн кірген. Кәстерлі мекеннің қасиетін бойына сіңірген жұрты барда, Қазалының келешегі кемел, өрісі көнені.

Қызылорда-Қазалы-Қызылорда



Келешекті сөз еткенде ең әуелі осы білім саласы еске түсері анық. Қазалы қазір де «білім ошағының бағдары» деген атына лайық. Ауданда 34 жалпы білім беретін мектеп, 29 балабақша, 21 шағын орталық, 3 лицей, теміржол және ауыл шаруашылығы саласының мамандарын даярлайтын 3 колледж, 1 Оқушылар үйі, 2 әуез мектебі бар. Әскеден ұрпақтың білім алуына барлық жағдай жасалған.

Өнегесі мол өнерлі ел

Қазалы жұрты мәдениет пен руханиятқа келгенде де қазынасы бітпес қамба секілді. Өнері шалқыған киелі жерден шыққан жезтаңдай әншілер – Халық қаһарманы, Қазақстанның халық артисі Роза Багланова, Қазақстанға еңбегі сіңген артист Мәдина Ералиева, танымал сазгер, өнер қайраткері Кеңес

Қазалыда қанат жайған өнердің бірі – театр. Ж.Тұрсынұлы атындағы кәсіпқой ұлттық сахналық концерттік ұжымы көпке танымал. XIX ғасырдың 40-жылдары сол кездегі теміржол клубы жанынан ұйымдастырылған. Соғыстың ауыртпалығы мен аштықтың азабын тартқан халықтың көңілін көтеріп, елді жеңіске жігерлендіру – өнерпаздардың басты мақсаты болды. Үйірме мүшелерінің көбісі орыстар мен басқа ұлттың өкілдері болғандықтан, орысша тақырыптағы пьесалар тандап алынған. Осылайша үлкен тәжірибе мектебінен өткен драма ұжымына 1962 жылы «Халық театры» мәртебесі берілді. Бүгінге дейін еңбек етіп келе жатқан ұжым 2021 жылы Т.Ахтановтың «Ант» пьесасын сахналап, Батыс Қазақстан облысында өткізілген «Театр – өміршен өнер» атты республикалық-аймақтық халықтық театрлар байқауынан жүлделі II орын иеленді. 1981 жылы пайдалануға беріл-



керлер келіп, жергілікті ақындармен бөйгеге түсті. Айтысты жырсуіер қауымының ыстық ықыласына бөленген 3 дүркін «Алтын домбыра» аламанының жеңімпазы Мұхтар Ниязов жүргізіп, ақындарды көпшілікке таныстырды. Қазылар алқасының шешімімен бас жүлдені аралдық ақын Ерженіс Әбдиев жеңіп алды.

Өнерге жаңы жақын Қазалы елі мәдениет пен руханиятты келешек ұрпаққа дәріптеуден қалысқан емес. Тәуелсіздік жылдарында ауданда Әйтеке би, софы Әзіз Мүсірәлі, Жалаңтөс бабадур, Жанқожа, Ақтан батырларға, Асандар көтерілісінің құрбандарына арнап тарихи кесенелер мен ескерткіштер орна-



Стратегиялық мақсаттағы ракета әскерінің құрамында қызмет атқаратын Рүстемнің ротасы 1964 жылдың мамыражай мамыр айының алғашқы түндері аяқтан тік тұрып, дабылмен көтеріліп, белгіленген уақытта қару-жарақ тұрағына жеткенде Литва елінің түнгі тұманды аспанынан күннің көзі жаңа көріне бастаған. Әскер өміріне төселіп, мерзімді үш жыл қызметтің екінші жылын бастаған бұл жігіт сақа жауынгер болып қалған еді. Өзіне бекітілген, ядролық қондырғы орнатылған МА3-502 көлігінде бұйрықты күтіп отыр. Кеше ғана Ұлы Жеңіс мерекесін бөлімде атап өту салтанаты сапында бөлім командирі, майдангер полковник А.Горкин оның әскери-саяси дайындықтағы, жауынгерлік мамандықты игерудегі жақсы жұмыстарын елеп, «Кенес әскерінің үздік жауынгері» төселген және әскери ауыр күрделі көлікті жетік игергені үшін екінші сыныптағы жүргізуші куәлігін қаруластары алдында салтанатты жағдайда тапсырды.

Әдетте дабылмен көтерілген олар көлік құрал-жабдықтары мен бақылау-тексеру бекетінен өтіп, орман арасындағы №1 негізгі ұшу-ату алаңына жетіп, іске кірісетін. Бұл жолы жағдай басқаша. Дабыл тоқтатылып, тұрақ алаңында барлық жауынгерлік құрам сапқа тұрғызылып, бөлім командирі ұрыс жағдайына негізделген кезекті ядролық қондырғыны атып-сынау мақсатында ұзақ мерзімге іссапарға аттанатындарын айтты. Бұл оқу-жаттығуда бірнеше тіктұмсықтар Солтүстік мұзды мұхит аймағына, нақтырақ айтқанда Жаңа жер аралындағы ядролық сынақ алаңына атылады. Сондай-ақ, Бостандық аралынан жауынгерлік тапсырмаларды орындап қайтарылған ракеталар ядролық сынақ полигондарында жойып-жарылатынын, бұл тапсырмалар құпия түрде жүргізілетінін әскери тәртіппен қысқа да нұсқа да жеткізді.

– Бұл – ұлы Отанымыздың қауіпсіздігін қорғаудағы мемлекеттік тапсырма. Осы тапсырмаларды орындау жоғары жақтан біздің бөлімге жүктеліп отыр. Мен бұл жауапты тапсырманы бөлімнің бірінші құрамына орындауды бұйырдым. Іске сәт! Жиналындар, түнде «Жусалай» теміржол бекетінен аттанатын болсаңыздар, – деді.

Олар іске кірісіп, сол түні үлкен әскери тіркеме жүріп кетті. Бағыттары – шығыс жақ. Бір апта жүріп Астрахань бағытындағы теміржол бойындағы шағын «Ахтуба» бекетіне таң алдында жеткен тіркемесін шағын тепловоз даланы қуалай тартылған теміржолмен ұшықтары жоқ, сүреңсіз сары далаға қарай тарта жөнелді.

Келесі күннің сәкесінде соңғы нүктеге жетіп тоқтады. Бұл соғыс жылдарында салынған алғашқы атом қаруларының түрлі құаттағы қондырғылары сыналған Капустин Яр ядролық полигонның аулаласы болатын.

Құрама палаткаларын тігіп, қондырғыларын орнатып, далалық әскери өмірін бастап кетті.

Күні-түні жатпай қырып-жоятын қаруларды қолдану және одан қорғандық тәсілдерін игеріп, оқу-жаттығу жұмыстары соғыс жағдайына жақын түрде жүріп жатты.

Үздіксіз бір ай дайындықтан кейін бөлімше Мәскеуден келген мемлекеттік комиссияның алдында атып-сынау жаттығуын өткізді. Жаттығу өте жоғары деңгейде, көрсетілген регламентке сай өтіп, ядролық тіктұмсық арада отыз бес минут өткенде Жаңа жер аралындағы белгіленген нысанаға ауытқусыз дәл түсті.

Оқу-жаттығудың қорытындысымен Рүстем партия мүшелігіне кандидат болып, ата-анасына бөлім командирі Алғыс хат жолдап, еліне қысқа мерзімге демалыс берген.

Бұл мезгіл тамыз айының алғашқы күндері болатын. Әскери қызметте бір жарым жылдай болған ол әке-шешесі, туған-туыстарымен қауышып, мауқын басты. Санаулы күндері аяқталып, Жосалы стансасынан Сырдың төрт қауынын тор қапшыққа салып алып, «Алматы-Мәскеу» пойызымен Литва еліне жүріп кетті.

Ауылдағы әсері жастық шақтың қиялымен астасып келе жатқан Рүстемнің көңіл-күйі көтеріңкі болатын. Ұйып кеткен екен, түн ішінде күпеге дабырлап кірген кісілердің даусынан оянып. Ірі денелі, орта жастағы полковникті екі төменгі шенді офицер кол жүгін көтеріп кіргізіп, бос тұрған

Рысбай Кәрімов 13 қыркүйек 1943 жылы Жалағаш ауданы Бұқарбай батыр ауылында туған. Еңбек жолын колхозшы болып бастаған. Қызылорда педагогикалық институтының жаратылыстану факультетін бітіріп, «Таң» кеңшарындағы №118 мектепте мұғалім, мектеп директорының орынбасары қызметін атқарды. «Таң» кеңшарына қарайтын К.Маркс ауылдық кеңесінің хатшысы, өндіріс бригадирі, агроном болды. Жалағаш аудандық партия комитетінде нұсқаушы, «Аққұм» кеңшары партия комитетінің хатшысы, №15 кәсіптік-техникалық училищенің директоры, Жалағаш ауданы өкімдігінде бөлім бастығы, аудандық жер инспекторы, аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бас агрономы қызметтерін атқарды. 1979 жылы өндірістен қол үзбей жүріп Алматы қаласындағы Қазақтың ауыл шаруашылығы институтын бітіріп, ғалым-агроном мамандығын алды. Кейін Бұқарбай батыр ауылдық округінің өкімі, Жалағаш кенті өкімі аппаратының бас маманы болып зейнет демалысына шықты.

«Елім деп соққан жүрегі», «Ржев қазанында қайнағандар», «Алаш арыстарының тауқыметті тағдырлары», «Ерлердің есімі ел есінде», «Өмірім – елімнің тарихы», «Жылдар, адамдар, тағдырлар», «Ағайынды Босхановтар» атты кітаптардың авторы. Республикалық, аймақтық және жергілікті баспасөз беттерінде 500-ден аса мақаласы жарық көрген.

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Жалағаш ауданының құрметті азаматы. Р.Кәрімов – ұзақ жылдан бері «Сыр бойы» газетінің тұрақты авторы.

Сексеннің сегізінше шыққан ағамызды мерейтойымен құттықтап, тағы бір туындысын оқырман назарына ұсындық.



төменгі орынға орналастырды. Үлкен шендіге сәт сапар тілеп, көрсеткен құрметтері аз болғанды бір шишаны ашып соғыстырып, қоштасты. Олардың іс-әрекеттерін бақылап жатқан Рүстем де тілге келіп:

– Жолдас полковник, бұл қандай қала? – деп сұрады.

– Бауырым, бұл – Саратов қаласы, – деп көңілді жауап берді полковник.

– Қайда барасыз? – деп ол да сұрақты төтесінен қойды. Рүстем өзінің Литва ССР Каунас қаласында әскери қызмет атқаратынын, елінен кезекті демалыстан келе жатқанын айтқанда, полковник қуанып кетті.

– Өте жақсы, Мәскеуге дейін маған қызмет жасайсың, – деді.

Өзінің Қорғаныс министрлігінде қызмет атқаратынын, іссапардан келе жатқанын айтты, әңгімелері жарасып кетті.

– Жарайды, солдат, демалайық жол ұзақ, ертең әңгімемізді жалғастыраймыз, – деп ұйқыға кетті.

Ертеңіне жуынып-шайынып, ас ішуге кіріскенде полковник:

– Сен ана қалтаны аш, барын столға қой, – деп сыпайы бұйырды.

Қалта толы тағамның түрі: пісірілген тауық, шұжық, шошқаның салысы дейсің бе, т.б. тіскебасардың бәрі де осында екен.

Екінші жәшікте ішімдіктің небір түрі көз тартады. Осыларды көрген Рүстем «бұл кісінің іссапары жақсы өткен-ау» деп ойлады. Түнде жүзін дұрыс көре алмаған. Полковник жылы жүзді, әскери адамнан гөрі, дәрігерге не ғалым адамға ұқсайды екен.

Үстелге қойылған тағамдарды ала бастағанда қожайын:

– Ана армян коньягінен құй, деп бұйырды. Коньяк құятын шағын ыдыстың болмауынан Рүстем орыс стаканьның ортасына дейін құйып үлкен кісінің алдына қойды.

– Неге өзіңе құймайсың? – деді ол.

– Жолдас полковник, мен ішпейтін едім.

– А как так, что ты за солдат? Рүстем өз жағдайын айтты, ішімдікке жастайынан әуес болмағанын, оның үстіне дін жолын ұстаған әкесінің жат әдеттен аулақ болуын қалағандығын айтты, полковникке біраз мағлұмат бергенде ол да түсінгендей болды.

– Арақты, жалпы ішімдікті мұсылман халқы орыстардың атасының асы деп атайды. Менің өмірім әскерде өтіп келеді. Қызмет бабымен Ташкент, Самарқан, Душанбе, Ленинск, т.б. Орта Азия қалаларында болдым. Ол жақтың халқының әдет-ғұрыптарын жақсы білемін.

Біздің ұлы қолбасшымыз Суворов: «Орыс солдатты, моншадан кейін, бұтындағы шалбарыңды сатып жүз грам іш» деген. Іссапардан көтеріңкі көңіл-

күйде келе жатқан соң, аздап алып жатқаным ғой. Бізде мұндай мүмкіндік бола бермейді, ар жағын өзің түсінесің ғой, – деді.

Полковник біздің өңірде қызмет атқарған жылдары Сырдариядан балық аулағандарын, киік етінен қуырдақ жасағандарын, қызықты әңгімелерін айтып, ертеңіне тұс ауа Мәскеуге де жетті.

Сыртқа шығуға жиналып, жүк салғышты ашқанда қауындыра көзі түсті.

– Да, это – действительно қауын, – деді.

Біздің аймақта қызмет атқарған жылдары Сыр бойының қауынын Мәскеуге ала келетінінен, достарына сыйға тарататынын біраз хабардар етіп, «бір қауынды сат» деп қолқа салады. Рүстем де дәмдес болған үлкен шендінің көңілін қимап, бір қауынның берді. Ол балаша қуанып, рахметін жаудырып қоштасты.

Рүстем Қазан вокзалынан метроға отырып Беларусь вокзалына жетіп, жол құжаттарын реттеп, перронға шықты. «Мәскеу-Калининград» пойызының жүруіне әлі біраз уақыт бар. Шеткі орындықтардың бірінде жолаушыларға көз салып отыр. Төрт-бес кісінің қолпаштауымен өтіп бара жатқан орта жастағы келімісін келген әйел мұның жанына келгенде кілт тоқтап:

– Жас жігіт, мына қауын қай жерден? – демесі бар ма...

Қасындағы кісілердің де назары Рүстемге ауғанда қысылып, аузына сөз түспей:

– Қазақстан, Қызылорда облысының қауыны, – дегенде әлгі әйел қасындағыларға қарап:

– Василий Иванович, мен Орта Азия республикаларында Бұқара, Ферғана, Чаржау, т.б. жерлерде ғылыми жұмысыма байланысты жиі болып жүрмін. Солардың ішінде Сырдария өзенінің жағалауындағы алқаптарда егілетін қауын биологиялық жағынан таза, сақтауға, тасымалдауға төзімді келеді. Егер мына жігіт бір қауынның сатса, форумға қатысушыларға біздің елдің тамақ өнеркәсібінің игерілімі жатқан мүмкіндіктерін баяндап едім, – деді.

Әлгі Василий Иванович те бұл кісінің үлкен ғалым екенін, шетелге халықаралық форумға өз саласы бойынша кетіп бара жатқанын айтты, ападың тілегін орындауды өтінді. Мен Сыр қауыны атына айтылған мақтауды естіп, біреуін ұсындым. Олар іздегені көктен табылғандай, алғыс айтып, қолымды қайта-қайта қысып қоштасты.

Пойыз купесіне жайғасып, ыстық пен қапыртықтан бой жазып, жеңіл киініп демалып отырғанды ұлап-шұлап, сықылықтап, баса-көктеп үш қыз кіріп келді. Ұзын бойлы, үрпек шашты сары қыз белсенділік көрсетіп, жарықты жағып, бірден билеп-төстей бастады.

Батылдығы сондай жеңіл жапқышпен жатқан Рүстемге төніп келіп, ер адам екенін білді де:

– Жас жігіт, тұр, далаға шығыңыз, біз киінейік, – деп бұйырды.

Рүстем орынан тұрып сәлемдесіп, сыртқа беттей бергенде, оның өзге ұлт екенін біліп:

– Ирина, тут твой земляк, – деді. Қанша уақыт тұрарын бір Құдайдың өзі білсін, әлгі үрпек шашты сары қыз «кіре берудің болады» дегенде жүрегі дүрсілдеп ішке енген еді.

Бұрын-соңды мұндай ортада болмаған. Төсегіне жантая бергенде әлгі қыз:

– Жігітім, мұның болмайды, танысамыз, – деп таныстыруды өздерінен бастады.

– Біз – Минск медицина институтының соңғы курсының студенттеріміз. Мәскеудің №1 медицина институтында өндірістік практикадан өтіп, қайтып барамыз.

Рүстем де өзін таныстырып, қазақ екенін, Каунас қаласында әскери қызмет атқаратындығын, демалысы аяқталып қайтып келе жатқанын айтты.

– О, сіздің жерлесіңіз, біздің сүйікті құрбымыз, оқу озаты, бес минутсыз дәрігер Ирина Есеновна Айнақұлова, – деп таныстырды. Жүрегі атша тулап, бірден Иринаның жүзіне қарай алмады. Сәлден кейін назар салғанда ауылдағы қарақөз қарындастарды көргендей болды. Ол да Рүстемге қарап отыр екен.

Бұл екі жыл жұмыс өтілімен оқуға түскен бойда құрш орақтан келген соң, әскерге шұғыл түрде шақырылып кеткен еді. Мектепті бітірген жылы жоғары оқу орнына түскенде осы қыздар сияқты жоғары білім алып, маман болып шығатын. Рүстемнің ойын «Солдат, тамақтанамыз» деген қыздардың өмірі бұзып жіберді. Барын столдың үстіне қойған қыздар ауқаттануға кірісті. Жігіт қарны ашып отырса да сыпайылық сақтап ауыз тиді. Астың орны жиналған соң сары қыз:

– Ал жерлестер, өздерің онша отырып танысыңдар. Біз көршілес күпеге қыздарымызға кеттік, – деп екеуін онша тастап кетті. Қысылып отырғанын сезген Ирина өзін таныстырудан бастады:

– Әкем Айнақұлов Есен – соғысқа қатысқан, Жамбыл облысының қазағы. Әскери дәрігер, шешем Валентина Николаевна Иванова – ол да әскери госпитальдарда дәрігер болып қызмет атқарған. Кейіннен әкем Минскідегі әскери госпитальда бөлім менгерушісі, подполковник шенінде қызмет атқарып жүргенде кенеттен қайтыс болды. Анамыз бізді тәрбиелеп өсіріп, ер жеткізді. Үлкен әпкем медицина институтын бітіріп, Беларусь жігітіне тұрмысқа шықты. Олар Витебск қаласында тұрады.

Мен – өзің білетіндей, болашақ дәрігермін. Інім Алексейдің қазақша аты – Алихан. Әкем оны солай атайтын. Минск политехникалық институтының екінші курсында оқиды. Әкем еңбек демалысын алғанда, бізді ертіп Жамбыл қаласындағы туыстарының үйіне барып, қыдырып қайтатын едік. Ол өзі балалар үйінде өскендіктен бе, өте бауырмал, балажан болатын. Зейнет демалысына шыққаннан кейін «елге, Қазақстанға кетеміз, сені қазақ жігітіне күйеуге беремін, Алиханды да қазақ қызына үйлендірейін» деп жүретін. Бізді сол өмірге дайындады. Қазақша үйретуге тырысатын, қазақша кітаптар оқытып жүретін. «Бұл – менің сендерге тапсырған аманатым, орындауға тиіссіңдер» дейтін.

Рүстем мектеп бітіргеннен кейін Н.Хрущевтің өндірісте қалу талабына сай жұмыс атқарғанын, педагогикалық институтқа түскенін, одан әскерге шақырылғанын айтты. Ирина төбеден түскендей:

– Бұл Хрущев алып елді аласапыранға түсірді. Өзім білемін, өзім шешемін деп ел басқарды. Соғыстың аяқталғанына көп уақыт болған жоқ. Кеңес халқы төрт жылға созылған соғыстан орасан зор зардап шекті. Ел экономикасын, білімі мен ғылымын дамытатын болашақ кадрлардың тамырына балта шапты, оларды тежеді. Оның бұл қатесін тарих ұмытпайды. Ел соғыссыз жағдайда азық-түлік карточкасына көшті. Экономикада тұрақтылық пен өрлеу жоқ, – дегенде оның батырлығы мен батылдығына танғалды.

Әңгіме арасында қазақтың өдет-ғұрпын, салт-дәстүрін сұраумен болды. Рүстем батылдыққа барып:

– Әкеңнің «қазақ жігітіне тұрмысқа шығасың» деген аманатына қалай қарайсың? – деп сұрады.

– Өзіңдей жігіт болса неге шықпасақ? – деді қыз.

Жүйрік пойыз Минск қаласына келіп тоқтағанда көтеріңкі көңіл күйде келе жатқан қыздар пойыздан түсіп, ата-аналарымен қауышып, мәре-сәре болып жатты.

Иринаның қол жүгін көтеріп келе жатқанда бұларға орта бойлы, толық денелі әйел қасында ұзын бойлы бозбаламен бірге вагонға жақындады. Қыз бар дүниені ұмытып әйелге «мама» деп мойнынан құшақтағанда, әскерге аттанып бара жатып анасын тап осылай құшақтап сүйгені, «аман барып, сау қайт» деген тілегі ойына еріксіз ораған еді. Көптен бері сағынған қызымен қауышқан жеңгі-өзіне келіп:

– Кешіріңіз, мен Иринаның мамасы Валентина Николаевна Айнақұлова боламын, – деді.

– Маған сіз туралы Ирина айтқан деп, – жігіт ауыр жүк иығынан түскендей болды.

– Мама, сізге телефон арқылы айтқан жігітім осы, аты Рүстем, ал мына жігіт Алихан-Алексей деп қысқаша таныстырып өтті. Бұл да өзі туралы деректерден хабардар етіп, Қызылорда облысынан екенін айтты. Валентина Николаевна:

– О, Қызылорда – қауынның отаны ғой, біз Есен еңбек демалысын алғанда, оның еліне балаларымызды алып, қыдырып қайтушы едік. Қайтарда Қызылордадан қауын алып келетінбіз. Келесін достарымызға, көршілерімізге беретін едік, – деп өткен күнді еске алды.

Күпеге қауыны есіне түскен Рүстем вагонына жүгіріп барып, біреуін әкеліп Валентина Николаевнаға берді. Ол кісі балаша қуанды.

Бар болғаны бір тәулікке жетпейтін уақытта көңіл астан-кестен болып, жалғыз қауынын алып бөлімге жетті. Арада аз уақыт өткенде Иринадан хат келді. Орыстың бай тілімен тасқа басқандай жазылған хаттан көп нәрсені аңғаруға болатын. Бұл амандығы, қызметі жайлы жауап жазды. Кейін шабыттанған, желіккен көңілін ақылға жеңдіріп, хатты үзе бастады. Соңғы хатты алғанда бәріне көзі жеткен Ирина Минск қаласындағы жоғары командалық әскери әуе қорғаныс училищесін бітірген қазақ жігітіне тұрмысқа шыққанын, ол Түркістан әскери округіне қызметке жолдама алғанын жазыпты. Рүстем де бойында қазақтың қаны бар, шетте туып, шетте өскен қаршадай қазақ қызының, әке аманатын орындаған Ирина Есенқызының ерлігіне риза болып, бақыт тілеп, хат жолдады. Бұл 1965 жылдың тамыз айы еді.

«ЖЕР-2023»

СЕЙСМИКАЛЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖИЫНЫ



Сырдария ауданы Тереңөзек кентінде «Жер-2023» атты сейсмикалық командалық-штабтық оқу-жаттығу жиыны өтті. Шараның мақсаты – жер сілкінісі орын алған жағдайдағы іс-қимыл барысын пысықтау.

Оқу-жаттығу жиыны басталар алдында құлақтандыру жүйесі іске қосылып, құтқару шараларының барлық мүмкіндіктері көрсетілді.

Апат айттып келмейді. Төтенше табиғи апаттан жергілікті тұрғындар қаражат алып, оларға медициналық көмек көрсетілді. Апат салдарынан өрт оқиғасы тіркеліп, құтқару штабы мүшелері жұмылдырылып, өрт дер кезінде ауыздықталды. Сейсмикалық оқу-жаттығу жиынын сценарийі осылай өрбіді.

Құтқару штабының жедел әрекет тобы «төтенше жағдай орын алған жағдайда бұған дейінгі ба?» деген жұрт көңіліндегі көп сауалға іс-тәжірибесі арқылы жауап берді. Жер сілкінісі орын алған аумақта төтеншеліктер шұғыл әрекет етіп, зардап шеккен тұрғындарды қаланың өзге жерлеріне эвакуациялады.

«Жер-2023» РКШЖ кезінде өткізілді. Бірінші екені – жер сілкінісі қаупі бар жағдайда функциялық міндеттерді

орындау, азаматтық қорғау жүйесінің басқару органдары мен күштерінің іс-қимыл жоспарларын нақтылау. Екінші кезеңі – төтенше жағдай аймағына күштер топтамасын жеткізуді ұйымдастыру. Дүлей зілзала аумағында авариялық құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу аясында азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесі бөлімшелерін басқару.

Еліміз бойынша өтіп жатқан оқу-жаттығу шарасы осылайша Сыр өңірінде өз деңгейінде ұйымдастырылды. Штабтың жұмысы мен әрекетін облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары, полковник Бекболат Әбдіқадыров бақылап отырды.

– Бүгінгі оқу-жаттығу жиынына 1600 адам жұмылдырылып, 360 техника тартылды. Сонымен қатар 120 азаматтық қорғау қызметкері қатыстырылды. Қазір жедел топ және шұғыл күштер белгіленген пунктке келіп, барлау жүргізіп жатыр. Олар жағдайды бағамдап, қанша күш керек екенін есептеп береді. Құрылған жедел топ көмекті дер кезінде жеткізудің жолын қарастырып, одан әрі апаттық құтқару жұмыстарына кіріседі, – деп түсіндірді штаб бастығы.

Жиын соңында командалық штаб бастығы зілзала зардабын жоюға арналған құрылымдарды бағамдап, жауаптыларға бірқатар міндеттеме жүктелді.

«СБ» ақпарат

ТҮЛҒА

Алаштың анасы аталған Сыр бойының сырбаз перзенттерінің бірі – Садықбек Хангелдин. Ол 1937 жылдың 12 сәуірінде Қызылорда қаласының іргесіндегі «Тереңсай» ауылында дүниеге келген, 1955 жылы Қызылорда қаласындағы Осипенко атындағы орта мектепті, 1961 жылы бүгінгі (Н.Гоголь атындағы педагогикалық институтты) Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетін аяқтаған еді. 1969 жылы Алматы Жоғары партия мектебін тәмамдады.



Адалдықты ту, әділетті жыр еткен

1959 жылы студент кезінде Қызылорда облыстық радиосының дикторы қызметін атқарған Садықбек Хангелдин осы жұмыста жүріп Сыр бойының шығармашыл жастарының жұмысына, көркемөнерпаздар үйірмелеріне көп көңіл аударды. Облыстық әнші-жыршы жарыстары мен слеттеріне, ақындар айттысын ұйымдастыруға құлшына қатысты. Жас талапкер әнші, жыршы, күйшілер Әскербек Еңкебаев, Төлеу Қосанов, Өтеген Райымбеков, Әбілаш Нысанбаев (Әбуов), Сламбек Сқақов, Көлжасар Дәулетияров, Әбүтәліп Салманов, тағы басқалар жөнінде радиодан концерт-очерктер берді, республикалық жастар газетіне мақалалар жазды. Туасы өнерге жақын Садықбек Хангелдин кейін облысымыздың атын аспандатқан «Сыр сулуы» ән-би ансамблімен Алматыға, Мәскеуге барып, ұжымның республикалық, одақтық байқауларда абырой-беделге ие болуына өзіндік үлес қосып еді.

Осы көпшілік, өнерсүйгіштік қасиеттер Сәкенді институт бітіргеннен соң көп ұзамай комсомол жұмысына өкелді. Қызылорда қалалық, облыстық комсомол комитеттерінің хатшысы, Қазақстан комсомолы Орталық комитетінде насихат және мәдени-бұқаралық жұмыстар бөлімінің менгерушісі ретінде жарқырай, бар болмысы ашыла көрінді. Оның көз алдында республика жастарының нағыз бұрқырап, қайнаған өмірі өтіп жатты. Шұбартау, Ерейментау, Бескөл аудандық, Теміртау, Кентау, Рудный қалалық жастар ұйымдарының жаңа жұмыс әдістері мен ізденістері, Ыбырай Жақаев, Жазылбек Қуанышбаев, Қамшат Дөнентаева, Жансұлтан Демеев, Владимир Дитюк, Наталья Геллер сияқты еңбек ерлерінің жарқын үлгілері бүкіл республика жастары арасында қызу қолдау тапты. Кең өріс алып, соны насихаттау, жаңа дәстүр мен салт үлгілерін тарату осы бөлімнен басталып жататын. Сәкен талай шығармашыл жастармен араласты, талайға жақын болды, талайдың тағдырына жолдама берді. Әдебиетіміз бен өнеріміздің талантты өкілдері Фариза Оңғарсынова, Қалдарбек Найманбаев, Мұхтар Шаханов, Бексұлтан Нұржеев, Бейбіт Қойшыбаев, Жарасқан Әбдірашев, Иранбек Оразбаев, Серік Тұрғынбеков, т.б. республикалық штабтың тұрақты қамқорлығында болды.

Республика комсомол штабында Садықбек Хангелдиннің тікелей басшылары жазушы Қалаубек Тұрсынқұлов, нағыз түлға, қайраткер, жастардың ақылшы ұстазы Өзекен, Өзбекәлі Жәнібеков болған еді. Еліміздің жастар ұйымының Одақта шоқтығының биік болғаны осы Өзекеннің атымен тығыз байланысты. Ұлтының мұратын өз мұратына әркез биік ұстаған кешегі комсомол басшысының артында қазак мәдениетінің өрнекті іздері сайрап жатыр.

Реті келгенде айта кету керек, кейде саяси сипаты басымдық болып кеткен іс-шараларды ескеріп отырып, жалпы комсомол ұйымының бай мәдени-көпшілік және сан салалы идеялық-тәрбие жұмыстарына әсте көз жұмуға болмайды. Бүгінгі күні жастар арасындағы жұмыстың бағыт-бағдарының өлі толық айқындала қоймағанын, жүйесі жоқтығын көріп кейде кешегі кезді еріксіз еске түсіруіміз жайдан жай емес.

Садықбек Хангелдин 1974-1991 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінде, Қазақ ССР Халықтық бақылау және Қазақстан Мемлекеттік телерадио комитеттерінде басшы қызметтерде болып, өзінің азаматтық та, қайраткерлік те қасиеттерін көрсетті. Сәкенді жақсы білетін Сыр бойының танымал журналисі

Өтеген Жаппарханов «Ол алдымен пейілі жомарт, адамгершілігі асқақ, іс-әрекетімен, тыныс-тірлігімен, сөзімен де, жүріс-тұрысымен де өзгеге ұсынар үлгісі бар, мінезге бай тұнба түлға» деген еді. Осындай қасиеттер Сәкеннің өмірінің соңына дейін талмай ұстанған, өзіндік жан серігі, рухани байлығы, адами болмысы болды.

Адам баласының бар қыр-сырын тану мүмкін емес. Белгілі ақын Қайнекей Жармағамбетовтың «Әр адам – ашылмаған бір роман» деп жазуы да, атақты француз ғалым-биологі және хирург-тәжірибешісі, «Нобель» сыйлығының иегері Алексис Каррель өзінің бір кітабын «Адам – бұл бейтаныс» деп атауы да тегіннен-тегін емес. Шынында да жүздеген ойшылдар Адам феноменінің сырына кілт таба алмай келеді, алда да таба алмайтын шығар. Мен де елу жылдан астам Сәкенмен қатар жүріп, талай сыр алысам да, байқамаған дүниелерім жоқ деп айта алмаймын. Алайда оның азамат ретінде әділеттілікті жыр еткеніне кепілдік бере аламын.

Әр адамның өмірде өзіндік танымын терезесі болады. Сол өз терезесімен ғана өмір, қоғам туралы толғанады, дүниеге зер салады, ойдан түйін түйеді. Сәкеннің терезесі кең де ашық еді, сондықтан ол басқалардан көбірек және айқын көретін, басқалардан тереңірек түсінетін, молырақ ұғынатын. Оның үстіне ақынжанды адамның ойлау, түйсінуге қабілеті бөлек қой. Оны кез келген түсіне бермейді. Сәкен қай салаға қалам тартса да, жорғалай жөнелетін, жеткізбей кететін, оқ бойы алда жүретін.

Сонау 1962 жылы Жазушылар одағының Қызылордадағы ақын Асқар Тоқмағамбетов басқаратын облысаралық бөлімшесінде тұсауы кесіліп, алғашқы өлеңдер жинағы шығып еді. Ол былай деп өлең әлеміне аяқ басқан болатын:

– Түскен жоқ бұл өнерім талқыға әлі,
Көрген жоқ еңбегімді халқым әлі.
Әйтсе де, от-жалынды қызба көңіл,
Дамылсыз өр қияға шарқ ұрады.
Осы жолдардың өзі келешегінен көп үміт күттіретін алғашқы қадам, беташар сөздер болды. Содан «дүние теңізінде малтұп көріп» бар өнерін еліне сарқып бергісі келді. Алайда ақындық өнеріне барын сала алмады. Оның жан-жақтылығы, қазақ айта беретіндей бір сырлы, сан қырлы болуы жоғарыда айтқанымыздай, комсомол, партия, мемлекеттік жұмыстарға алып келді. Бұл салаларға 30 жылдан астам жастық жалын да, кемел кездер де арналды. Сондықтан күнделікті лауазымды қызметте жүріп ақындықтың айдынына шығып, даңғыл жолына түсе алмады. Қауырт қызметтен уақыт «ұрлап» қана өлең жолдарымен табысып отырды. Қанша шебер жүзгіш болғанымен тағдыр мандайына көлден басқаны жазбағандай құбылыс болды. Теңізге түсе алмады. Сондықтан туасы ақын Сәкен тек жаздырмай қоймағандарды ғана қағаз бетіне түсірді. Сол себепті бала күнінен серік еткен өлең алдында тұрақты бола алмаған ақынның төмендегідей көңіл күйін, саналы сезімін, ашық та адал пейілін, кішірейіп бас июін түсінуге болады:

– Кешір, Өлең!
Айыптымын алдыңда!
... жоқ, аяма, қайта мені сал мұңға.
Кештеу келіп, ерте кеттім қоштанаспай –
Кім біледі, жатырқап та қалдың ба?
Кешір, Өлең!
Бір лау етіп жандым да,
Әбдіжәлел БӘКІР

Лаулай алмай обалыңа қалдым ба?
Ғашықпын деп жылап жүріп,
Оралмай, кеткен қыздай
Сені азапқа салдым ба?

Әдебиет пен өнер саласында Садықбек Хангелдин өлеңмен ғана шектелген жоқ, әңгіме, очерк, әдеби зерттеу, рецензиялар мен мақалалар жазды. «Махамбет жырларындағы Исатый бейнесі», «Абай және Лермонтов», «Илияс Жансүгіровтің жаңашылдығы», Қасым Тоғызбақтың «Сібір Омары», «Баспасөз бетіндегі тұрақты сөз тіркестері» және басқа зерттеулері бар. Асқар Тоқмағамбетов, Айтбай Хангелдин, Әбіла Тәжібаев, Зейнолла Шүкіров, Иранбек Оразбаев, Әнуарбек Дүйсембиев, Азат Алтаев, Саид Баязитов, Тұрсынзада Есімжанов, Қалаубек Тұрсынқұлов, Әли Ысқабаев, Нұрхан Жаңаев сияқты қаламгерлердің шығармашылығы жайлы мақалаларын оқырманға ұсынды. Әнші-күйшілердің өмірі мен өнері жайлы очерктері, көрнекті қоғам қайраткерлері Міржақып Дулатұлы, Өзбекәлі Жәнібеков, Аманша Ақбаев жайлы естелік, эсселері бар. Тәуелсіздік тұсында ел басына орнаған қоғамдық, саяси-әлеуметтік, мәдени ахуалға байланысты жазылған 8 публицистикалық кітаптың авторы.

Қандай бір өнер болмасын, сүйген сұлуыңдай тұрақты да шынайы махаббатты қажет етеді ғой. Мен Абай түсінігіндегі үлкен махаббатты айтып отырмын. Поэзия да солай, жан-жаққа алаңдауды ұнатпайды. Өйткені өнер – қасиетті дүние, құдіретті күш. Сондықтан Сәкеннің «Әнімнің келтіре алмай күнде ырғағын, Сезіп-ақ ашы тердің жүрмін дәмін» деуі заңдылық болатын. Алайда Сәкен зейнеткерлікке шыққаннан кейін тұрақты жансерігі ете алмаған ескі досымен қайта қауышты:

– Келдім қайтып –
Мың қайғымен алысып.
Саған деген сағынышпен жарысып.

Бұлбұл қонып,
Құшағыма Күн кірді –
Өзімнен бүгін қайта табысып.
Ақын жаны әдетте ізгілікті сүйеді. Оның жүрегі Отан деп соғады, шабыты халқым деп қанат қағады. Отан елінің тыныштығы мен бірлігінен артық ардақты, қасиетті дүние жоқ. Сондықтан Сәкен сезім пернелерін осыған арнады, осыны биіктетті, осыны жыр етті. Ақынның:

– Мен тілеймін таңым күліп атса деп,
Тау мен Дала өн тербетіп жатса деп.
Қабақ шытпай бір-біріне адамдар,

Достық нұрын Күн жамылып батса деп, – жырлауын оқырман түсінеді, тілегіне тілек қосуға ұмтылады. Бүгінгі тәуелсіз еліміздің асыл мұраттары да, ертеңгі оны тұғырлы ететін құдіретті күштер де осында, бірлікте, бір Отан деген тірлікте жатыр емес пе, ағайын?!

Садықбек Молдашұлы – Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, 12 поэзиялық кітаптың авторы. Ол өз шығармаларында туған жер – Отанына деген ыстық сезімін, табиғат сұлулығын, жас ұрпақты бабалар өнегесіне, еңбекке баулуды, елімізді мекендеген ұлттар арасындағы бұлжымас ынтымақты, жастардың бойындағы жалынды жігер, ұшқыр қиял, асқақ арман, өрттей махаббатты паш етті.

Осындай халқының рухани дүниесіне өзіндік үлес қосқан азамат, қайраткер, ақын, публицист Садықбек Молдашұлы Хангелдиннің есімін есте қалдырудың ретті жолдары ескеріліп жатса, жөн болар еді.

ЖОБА «Жергілікті ерекшелік белгілері мен құрметті атақтардың сипаттамасын, оларды беру тәртібін, оның ішінде біржолғы сыйақы төлемдерінің мөлшерін айқындау туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № 164 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. «Жергілікті ерекшелік белгілері мен құрметті атақтардың сипаттамасын, оларды беру тәртібін, оның ішінде біржолғы сыйақы төлемдерінің мөлшерін айқындау туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №164 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде №7939 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 2-тармағы келесі редакцияда жазылсын:
«2. Қызылорда облысының білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын».

көрсетілген қаулы қосымшасының 6, 7, 9, 10 және 15-тармақтары келесі редакцияда жазылсын:

«6. Қатысушыларды бағалау үшін, құрамы «Қызылорда облысының білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы немесе басшысының міндетін атқарушының бұйрығымен айқындалатын комиссия құрылады. Комиссия төрағасы «Қызылорда облысының білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы немесе басшысының орынбасары болып табылады. Тұрақты болып табылатын комиссия басқарманың қызметкерлерінен, тәжірибелі педагогтерден, әдістемелік құрылымдардың, кәсіподақтардың, үкіметтік емес ұйымдардың, білім беру ұйымдарының алкалы басқару органдарының, білім беру саласындағы қоғамдық ұйымдардың, қоғамдық кеңестердің, мәслихаттардың депутаттары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерінен құрылады»;

«7. Комиссияның жұмысы органы «Қызылорда облысының білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып табылады»;

«9. «Қызылорда облысының білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жергілікті ерекшелік белгілері, құрметті атақтары, біржолғы сыйақы беруге құжаттарды қабылдаудың басталғаны туралы хабарландыруды Қызылорда облысы аумағында таралатын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды немесе (және) «Қызылорда облысының білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етеді»;

«10. Жергілікті ерекшелік белгілерін, құрметті атақтарын, біржолғы сыйақыны беру үшін «Қызылорда облысының білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне хабарландыру жарияланған немесе (және) орналастырылған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қызылорда қаласы білім бөлімі немесе Қызылорда облысының барлық аудандарының білім бөлімдері немесе білім беру ұйымдары қатысушылардың мынадай құжаттары мен материалдарын ұсынады:

1) жергілікті ерекшелік белгісіне осы жергілікті ерекшелік белгілері мен құрметті атақтардың сипаттамасы, оларды беру тәртібі, оның ішінде біржолғы сыйақы төлемдері мөлшерінің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінім;

2) педагогке Қызылорда қаласының білім бөлімі немесе Қызылорда облысының барлық аудандарының білім бөлімдері немесе білім беру ұйымдары қуаландырған ұсыныс;

3) жеке басын қуаландыратын құжаттың көшірмесі;

4) ұсынылатын педагогтің жеке кәсіби жетістіктері туралы және білім алушыларының (тәрбиеленушілерінің, студенттерінің) жетістіктері туралы соңғы 5 (бес) жылдағы құжаттары мен материалдарының көшірмелері»;

«15. «Қызылорда облысының білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі комиссияның шешімін Қызылорда облысы аумағында таралатын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды немесе (және) «Қызылорда облысының білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етеді».

2. «Қызылорда облысының білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Н.Нәлібаев**

ЖЫР-КЕСТЕ Туған жер, саған тәу етем

Ардагер журналист Айгелді Разақов есімі аймаққа жақсы таныс. Көп жыл БАҚ саласында қызмет еткен журналист Сырдария аудандық «Сырдария» газеті, сондай-ақ жеке иеліктегі «Тіршілік», «Самала» газеттері арқылы өңірдің рухани дамуына еңбек сіңірді.

2020 жылы денсаулығына орай Алматы облысына көшкен ағамыз қазір тұрған жерге оралды.

А.Разақов – ойы орамды, сөзі өткір ақын. Оның шығармалары шынайылығымен де бағалы. Ақынның ашық та, ақиқатшыл мінезі өлеңі арқылы өріліп, оқушысын кең тыныстатады.

Біз бүгін қаламгердің жырларын оқырман есіне салып қоюды жөн санадық.



БІЗ ТЕҢІЗДЕНБІЗ

Біз – теңізденбіз, теңізденбіз, Егізбіз, еншілесіз теңізбен біз. Тербетіп толқының ұрпақтарды, Уызын ұлылықтың емізгенбіз.

Біз – морияқыз, теңіздің арысымыз, Арыстаны, аюы, барысымыз. Ерлігін теңізінің білгің келсе, Тау тектес толқындармен алысыңыз.

Біз – Бөгенненбіз, Бөгенненбіз, Топырағы киелі көгенненбіз. Ақырзаман алқымнан алса-дағы, Өліспей беріспейтін өмірменбіз.

Өлерменбіз, өміршең дегенмен біз, Тамұққа тамыр жайып көгергенбіз. Қантардың карт азын бас білдіріп, Ақпанның ақ боранын шөгергенбіз.

Біз – Аралданбыз, Аралданбыз, Ақиық айдынынан нәр алғанбыз. Теңіздің тіршілігін сақтау үшін, Жалғанмен жағаласқан өн арманбыз, Біз – Аралданбыз, біз – теңізденбіз!

ЖҮЛДЫЗ БОП ЖАНҒАН

(Тағдырдың қатал сынағына қарамастан адамзат тарихында қайталанбас ерлік үлгісін жасаған қазақтың қайсар ақыны Зейнолла Шүкіровтің рухына)

Тұрғызбай науқас, кеудемнен басып бір залым, Кірпігім ғана қимылдап жатыр, құр жаным...

Туған ел сонда төсектен алдың көтеріп, Туған ел, саған ризамын!..

Мүмкін тағдыр босаттырған тақымды, Атан тарпып жабыстырды зақымды. Құлап түсіп екі аяғы сал болып, Сегіз жаста төсек тартып аһ ұрды.

Өтті күндер, өтті түндер өксікпен, Сел боп ақты көздің жасы көпшіктен. Төрт қабырға басып тұрды еңсені, Албастыдай жарымжанға өшіккен.

Өмір жатты арпалысып азаптан, Төркілесті тағдыр құйттай қазақпен. Күндіз-түні айқас, арты итқығыс, Сайтан сылқ-сылқ күлетіндей мазакпен.

Бала зейін ауды кенет кітапқа, Қол қарманып ілінгендей бұтаққа.

Бұл тозақтан шығу жолын тапқандай, Әлем сыйып тұр ғой мынау кітапта.

Сосын кетті формула мен заңдарға, Табиғатқа құстар менен аңдарға, Есеп-қисап, астрономия, химия, Жетті енді көкке қанат самғарға.

Қалам – қару, дәптер – айқас алаңы, Күндіз-түні талмай қиқу салады. Өз-табиғат таулар, теңіз, толқындар, Бала ақынды құшағына алады.

Тыныс кеңіп тартуына даланың, Бас білдіріп салды жолға қаламын. Ағытты ақтарылып өлең, жыр, Басын иді тағдыр танып таланын.

Қанатсыз-ақ қалқып көкке самғады, Жердегі ізін құс жолына жалғады. Міне жеңіс, бір жұлдыз боп жанғаны, Міне жеміс, бір жұлдыз боп қалғаны.

Армандарды жетелейтін асқарға, Айналды ол өлмейтұғын дастанға. Жанып тұрсын өнеге боп жастарға, Жарық беріп тұрған жұлдыз аспанда.

САҒЫНЫШ

Аралым ақ айдыным, ақ толқыным, Көп ойлап өзін жайлы көп толқымды. Жеткізе алар ма екем жүректегі, Сыздаған сағыныштың пөк солқылдым.

Ілімін ұлылардың ала білген, Сырласып табиғат пен жусан гүлмен. Толқынмен құлын-тайдай ойнап өстік, Егіздей бауыр басып бала күнмен.

Әппақ құм құшағындай анамыздың, Көктем мен арасында қара күздің. Ойыннан сіле қатса жатушы едік, Қаперсіз бауырында даламыздың.

Туған жер неткен ыстық топырағың, Тұлпардан қалған мен бір шоқырағың. Жетісу жер жоннаты дегенмен, Жағанды аңсауменен отырамын.


Бәрі ыстық – суың, құмың, аңызғаң, Жасырып көзден тамшы тамызамын. Еске алсам қаязың мен бекіренді, Елітіп сілкейді ағызамын.

Тағдырдың тартуларын бөлісеміз, Ұлың ем тынысы бір, өрісі егіз. Тербелсін толқынында сағынышым, Кім білсін, енді қашан көрісеміз...

Айкелді Әбді-Разақ



85 ЖІЛ
85 ЖЫЛДА
ОБЛЫСЫНА



«Байқоңыр» – Ғарыш тарихының бастауы

XX ғасырдағы ұлы оқиғалардың бірі де бірегейі – адамзат тарихындағы алғашқы ғарыш айлағы «Байқоңырдың» ашылуы.

«Байқоңырдың» іргесі 1955 жылы ғарыш алаңын салуға байланысты қаланған. 1966 жылы 21 маусымда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Қызылорда облысы Қармақшы ауданына қарасты Ленинск қыстағы Ленинск қаласы болып өзгертіліп, Қызылорда облысына қарасты қалалар қатарына енгізілген болатын. Ал 1995 жылы 5 желтоқсан күні облыс әкімінің №85/98 шешімімен Ленинск қаласы Байқоңыр қаласы болып өзгертілді.

Ғарыш алаңын салу үшін Байқоңырды таңдап алу кезінде бұл жердің елді мекендерден қашық болуы, экватор жазықтығына жақындығы, ракета ұшырудың қауіпсіздігі, қайтып оралатын ғарыштық объектілер үшін қолайлы қону аймақтарының болуы, т.б. факторлар ескерілді.

1957 жылдың 4 қазанында «Байқоңыр» ғарыш алаңынан тұңғыш ғарыш ракетасы сәтті ұшырылды. Ал 1961 жылдың 12 сәуірінде адамзат тарихында тұңғыш рет Ю.Гагарин «Восток» ғарыш кемесімен ғарышқа аттанды. «Байқоңырдан» Күннің, Айдың, Шолпанның алғашқы жасанды серіктері, «Восток», «Союз» ғарыш кемелері, «Салют», «Мир» орбиталық станциялары, жұмыс жүргізуге арналған «Протон», «Прогноз», байланыс мақсаты үшін пайдаланылатын «Молния», «Горизонт», т.б. жасанды Жер серіктері ұшырылды.

1991 жылғы 2 қазан. Қазақстанның тарихына алтын әріптермен жазылған бұл күні «Союз ТМ-13» кемесімен тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіров ұшты. Осы ұшырылым барысында республиканың бірінші ғылыми-зерттеу жұмыстары жүзеге асты, ғарышта 7 күн 22 сағат 13 минут болып жерге оралды. Тоқтар Әубәкіровке Кеңес Одағының батыры, «Халық қаһарманы», сондай-ақ, «Қызылорда қаласының құрметті азаматы» атағы берілді.

Талғат Мұсабаев ғарышқа үш мәрте ұшып, сол жақта 341 күн 9 сағат 48 минут 41 секунд болып қайтты. Ол «Гиннес рекордтар кітабына» енген. Осы күнге дейін Т.Мұсабаев секілді ешкім ғарыш кеңістігінде ұзақ уақыт болып көрмеген. Ғарышкер – «Халық қаһарманы» атағының, «Отан», I-дәрежелі «Барыс» ордендерінің иегері.

Айдын Айымбетов 2015 жылы 2 қыркүйекте «Байқоңырдан» халықаралық ғарыш станциясына аттанды. Ол ғарышта он күн болып, маңызды зерттеулер жүргізді. Кеңістікті игеруге сіңірген аса зор еңбегі, көрсеткен батырлығы мен ерлігі үшін А.Айымбетовке 2015 жылы «Халық қаһарманы» атағы берілді.

Алғашқы ғарыш сапарынан бері 500-ден аса ғарышкер аспан өлеміне сапар шегіп, ғылыми-зерттеулер жүргізді.

Тәуелсіз Қазақ елінің ең үлкен жетістіктерінің бірі – ғарыш кеңістігін игеру екені сөзсіз. Осы жолда күні бүгінге дейін қыруар жұмыс атқарылып, қазақ ғалымдары өлшеусіз үлес қосуда. Осылайша ғылымның ең озық саласы елімізде көкжиегін кеңейте бастады. Қазір «Байқоңыр» ғарыш айлағы қазақтың ғана емес, әлемнің игілігіне айналды.

Облыстық архив қорынан



Кеше кешкілік Қызылордада облыстың 85 жылдығы мен Қала күніне арналған бір айға созылатын іс-шаралар легі «Жастар карнавалымен» басталды.

МЕРЕКЕНІ ЖАСТАР БАСТАДЫ

Теміржол вокзалынан бастау алған карнавалға жоғары және арнаулы оқу орындарының студенттері қатысты. Қызылды-жасылды киім киген жастар «Достық үйіне» дейін өн шырықп, би билеп, думандатып келді. Туған қаласын мерекемен құттықтаған қыз-жігіттер Ұлықбек Бекұзақтың «Түнгі қала» әнін Бекзат Молдабергеновке қосыла шырықп, «Арайлы» ансамблімен бірге карнавал көрігін қыздырды.

Еске салайық, «Қызылорда – жастар қаласы» атты карнавал биыл екінші рет өткізіліп отыр. Осы жолы шеруді басқару М.Мәметова атындағы Қызылорда жоғары педагогикалық колледжі студенттеріне тапсырылған.

Думанды іс-шарада ерекше костюмдерді, студенттік топтар-

дың таныстырылымын, қатысушылардың талантын қазылар алқасы бағалады. Жөнімпаздарды қала әкімі Асылбек Шөменов құттықтап, арнайы сыйлықтар табыстады.

Қала әкімі Қызылорда қаласында Президенттің, Үкіметтің қолдауымен, аймақ басшысының бастамасымен атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтты. Облыс орталығының бұдан да көрікті, заманауи, таза қалаға айналуы үшін межеленген жоспарлар әлі де жетерлік.

Жастар кеші жергілікті өнерпаздардың концерттік бағдарламасымен жалғасып, туған қаланың аспанында өн қалықтады.

М.МЕРЕҒІ

КІТАП ФЕСТИВАЛІ



КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТІҢ КӨКЖИЕГІ КЕҢ

Кеше Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Кітап time» жалпы республикалық фестивалі аясында мәдени-танымдық іс-шара өтті. Бұл шара қала тұрғындарына кітапты насихаттау, қоғамның интеллектуалды әлеуеті мен мәдени құндылықтарын, өскелең ұрпақтың көркем әдебиетке деген құштарлығын арттыруға бағытталды.

Жыңға қатысушыларды Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының директоры Қаршыға Есімсейітова, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, балалар ақыны Рахат Наурызбаева, балалар әдебиетіне қалам тартып жүрген ардагер

ұстаз Оразбай Қосанов құттықтап, әдебиет, мәдениет, өнер сынды рухани құндылықтар төңірегінде ой-пікірлерін ортаға салды. Жас дарын, балаларға арналған үш кітаптың авторы, М.Мәметова атындағы жоғары педагогикалық колледжінің

студенті Алтынай Берікқызы өз шығармашылығы жайлы әңгімелеп, жасөспірімдерді көркем әдебиет оқуға шақырды.

Фестиваль аясында «Мәдениеттің мәйегі – кітап» атты жәрмеңке ұйымдастырылды. Сондай-ақ, «Білімділер алаңы», «Абай ауылы», «Шебер қолдар алаңы», «Ертегілер қалашығы» сияқты арнайы жасақталған көрмелерде оқырмандар назарына қызықты әрі тартымды әдеби қойылымдар ұсынылды.

Ал ақындар аллеясында ұйымдастырылған «Менің жауһар жырларым» атты поэзия кешінде аймақ ақын-жазушылары студенттермен кездесті.

Белгілі қаламгер, айтыскер ақын Қазына Өзденбаева, ақын, қаламгер қыздар Гаухар Қожахметова, Газиза Әбілда жаңа туындыларын оқып, Сыр елі мәдениетінің терең тарихы жайлы әңгімеледі. Өз кезегінде жас таланттар да жыр шумақтарын оқып, қаламгерлерден қолтаңба алды.

Тағы бір тартымды көрініс – «Библио-coffe» мерзімді басылымдар жинағы бойынша қойылған шарттарға қатысып, белсенділік танытқан оқырмандарға кофе ұсынылып жатты. Жалпы кітап фестиваліне 800-ге жуық қала тұрғыны қатысты.

«СБ» ақпарат



Электронды темекіге тыйым салады

Франция жақын арада бір реттік электронды темекіге тыйым салады. Бұл жайлы ҚазАқпарат Le Monde басылымына сілтеме жасап хабарлады.

Франция премьер-министрі Элизабет Борн RTL радиосынан сөз сөйлеп, елде бір реттік вейпке тыйым салу жоспарланып отырғанын мәлім етті. Оның пікірінше, электронды темекі жастарды зиян әдетке үйір етеді. Борн елдегі шылым шегумен күрес жөніндегі ұлттық жоспар аясында енгізілетін бұл шектеу қашан күшіне енетінін нақтылаған жоқ. Ол Франция үкіметі жақында темекімен күресуге арналған жана жоспар ұсынатынын мәлімдеді.

Борнның айтуынша, елде шылым шегу салдарынан жылына 75 000 адам қайтыс болады. Бұл жоспарда жастарды жаман әдетке бейім қылатын бір реттік вейптерге тыйым салынбақ.

Белгісіз ұшатын нысандарды зерттейді

NASA басшылығында белгісіз ұшатын нысандарды зерттейтін жаңа арнайы директор лауазымы енгізілді. Бұл туралы BBC-ге сілтеме жасап ҚазАқпарат жазды.

Басылымның хабарлауынша, NASA-дағы жаңа лауазымды бұған дейін белгісіз ұшатын нысандар, беймәлім аномалды құбылыстардың видеолары мен басқа да деректерді зерттейтін тәуелсіз сарапшылардан тұратын комиссияға көмектесіп келген адам атқарады.

NASA осы тәуелсіз сарапшылар жұмысының қорытынды есебін жариялады. Бір жыл ішінде тәуелсіз сарапшылар видеоға түсірілген беймәлім құбылыстарды мұқият зерттеп, олардың өзге ғаламшардан екенін дәлелдейтін нақты деректер таппаған. Алайда мамандар бұл нысандар өзге ғаламшардан емес деген біржақты қорытынды шығаруға да асықпайды.

«Ол нақты не екенін біз әлі білмейміз. Кейбір белгісіз ұшатын нысандар мұқият зерттеген кезде әуе шары болып шықты. Басқалары – атмосфералық құбылыстар. Бізге жұмбақ күйінде қалатын құбылыстар да бар» деді NASA әкімшісі Билл Нельсон.

Нельсон бөгде ғаламшарларда тіршілік, тіпті өркеніет бар екенін өз басы еш күмән келтірмейтінін де мәлім етті.

Адам нанғысыз сомаға сатылды

Диана ханшайымның қойдың суреті бар жемпірі Нью-Йорктегі Sotheby's аукционында адам нанғысыз сомаға – 1,14 млн долларға сатылды, деп хабарлайды BBC-ге сілтеме жасаған ҚазАқпарат.

Сауда-саттық 31 тамызда ашылып, аукционның соңғы минуттарына дейін жемпірге ең жоғары баға 200 000 долларға да жетпеді.

Sotheby's лоттың құнын 50-80 мың аралығында бағалады. Аукцион соңында 1 млн доллардан астам ақша төлеген кім екені жарияланбады.

Бұған дейін Диананың Ford Escort автокөлігі аукционға қойылып, 2022 жылы 806 000 долларға сатылған еді.

Диана жиі тағатын Аталаның аметиспен безендірілген крестін қантардағы аукционда Ким Кардашьян шамамен 203 мың долларға сатып алды. Осы жолы сатылған жемпір Диананың король отбасындағы орнын білдіретіндігімен ерекше. Бұған дейін Диана ханшайымның атақты қызыл ала жемпірі Sotheby's Icons of Style аукционына қойылған болатын.

Хабарландыру

«Lending and Financy technologies» микроқаржы ұйымы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 150840012933, атауының өзгергені туралы хабарлайды.

«Lending and Financy technologies» микроқаржы ұйымы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жаңа атауы «Lending and Finance technologies» микроқаржы ұйымы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атауы болып саналсын.

«Lending and Finance technologies» микроқаржы ұйымы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 150840012933, серіктестік атауының өзгеруіне байланысты «Lending and Financy technologies» микроқаржы ұйымы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қызылорда облысындағы филиалының атауы «Lending and Finance technologies» микроқаржы ұйымы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қызылорда облысындағы филиалы болып (БСН 210241002983) өзгергені туралы хабарлайды.